

Кұлаша солай оятты,  
Қарабек сонда оянды,  
Аш бүйірін таянды,  
Кер маралдай керілді,  
Қалмақтың басы Қараман  
Көзіне сонда көрінді.

— Мінгенін дайым сенін ал Қаракөк,  
Өзіне осы қылық бола ма еп?  
Апаңды бермеймін деп жатырмысын,  
Алдымнан қарсы шығып, ай, жүгірмек?!

— Жиһанда атым шыққан жалғыз жеке,  
Диуана қожасынған барған меке,  
Алдыннан қарсы шыққан балдызынды  
Басына көпсіндин бе, әй, жездеке?

— Жаксы еді сөзің қалай, ай жас балам,  
Еолдың ба бұлай абзал асыл задам?  
Сөзіңді «жезде» деген жақтырамын,  
Аман ба үйіндегі атаң-анаң?

— Басымда бак, маңдайымда құндызым-ай,  
Қараман жаксы көрдің бұл сөзімді-ай,  
Алдыннан келіп жатқан қарсы шығып,  
Жездеке, көпсіндин бе балдызынды-ай?

— Құдая жарлық сенде не қылсақ та  
Бәленнен рақмет беріп өзің сақта.  
Сөзіңді «жезде» деген жақтырамын,  
Аламын Ханбибіні қай уақытта?

— Тоқтай тұр, мұндар қалмақ, маған нансаң,  
Жүресін соғыс қылып ашулансаң,  
Жіберші құдалыққа отыз кісі,  
Болмай ма келер күзге апамды алсаң?

Алдаған жас баланың тілін алды,  
Қараманды алдап бала енді қалды.  
Құдалыққа отыз кісі жіберем деп,  
Жалбақтап ауыр қолға шауып барды.

Манағы Сары сыншы қарсы келді,  
Тіліне Қараманның нанбайды енді,  
«Құда түсіп, киіт киіп, келіндер» деп,  
Отыз кісі құдалыққа жібереді.

Ойлайды Ханбикені аламын деп,  
Күйеу боп ауылына барамын деп,  
Жіберді бір құрдасын көріп кел деп,  
Ханбибі сұлу ма екен қарағым деп.

— Сол қызды көрмей келме өлсең-дағы?  
Берейін сыйлық саған көрсен тағы?  
Ханбибі сұлу ма екен біліп келші,  
Жүз жылқы ат, тоныменен берсең дағы?

Қарашы Қараманның гөзеліне,  
Нанады Қарабектің сөздеріне,  
Жіберді отыз кісі құдалыққа  
Көп қалмақ қайтып кетті өз еліне.

Қыл көпір қияметте терен жар-ды,  
Ауызы биік болғанда түбі тар-ды.  
«Құда болып, киітті киеміз» — деп,  
Отыз кісі құдалыққа жетіп барды.

Сонда батыр сиынды бір құдай деп,  
Ішімде әуелге ойым осы ғой деп,  
Үйге апарып бұларды қырамын деп.  
Жолға салып жіберді «ей былай!» деп.

Көп Қият жайлайтұғын биік тауды,  
Іріктеп, талғайтұғын бие бауды.

Көнілін құдалардың жай қылам деп,  
Тіктірді айдалаға ақ отауды.

Ханбибі сұлу отыр шашын тарап,  
Ажарын бір өзінің мыңға балап.  
— Мас кылып жау қалмақты қырамын деп,  
Қарабек жидырады арақ-шарап.

Түске таман болғанда құда келді,  
Тілеуін Қарабектің құдай берді,  
— Сені мен құрметпенен күтемін деп,  
Қолтықтап жан-жағынан тұрады енді.

Патша дер Қарабектің кара басын,  
Дүниенің осы ма дер асыл тасын,  
Құдалар жүзін көріп қызықсын деп,  
Шакырды Ханбибідей бауырласын.

Тіліне Қарабектің сенеді енді,  
Қарабек құдаға сый береді енді,  
Ойында көп қалмақтың дәнеме жоқ,  
Құдалар Ханбибіні көреді енді.

Ханбибі айдай балқып өзі келді,  
Құданың бәрі бірдей көзі көрді,  
Қолында Ханбибінің алтын аяқ,  
«Ішін!» — деп, құдаларға тағам берді.

Жиырма алтысы мас болып өліп қалды,  
Қарабек болған істі көзі шалды,  
— Хабаршыға ханына жіберем деп,  
Тірісінің құлақ-мұрнын кесіп алды.

— Киітім жағар ма екен жаныңызға?!  
Дәулетпен серік болсын малыңызға.  
Уағдам Тасбұлақтың басы болсын,  
Сәлем айт есен барсан ханыңызға.

Болғанда күзге таман елге келді,  
Үйіне Қараманның кешке енді:  
Құлақ-мұрын алдырған пұшықтардан  
Падиша тахт үстінде сескенеді.

— Әй пұшығым, пұшығым,  
Айт, сөзіңнің шынын,  
Жабылыпты қабағың,  
Көрінеді тамағың.  
Құлақ-мұрнын алдырып,  
Жүзіне кара салдырып,  
Қайдан жүрсін, пұшығым,  
Таныта көр, пұшығым,  
Ойға сап істің ұшығын?  
— Мен пұшығың, пұшығың,  
Сөзін айтар пұшығың.  
Құлақ-мұрным алдырдым,  
Жүзіме кара салдырдым,  
Мына мені барғыздың,  
Бір бәлеге қалғыздың.  
Киітіңді кигіздің,  
Арғы атанды ұрайын,  
Бір «пайданды тигіздің!»  
Арғы атанды сұрасан,  
Азбан емес қасқыр-ды,  
Қас албасты басқыр-ды.  
Қасқыр емес қабан-ды,  
Тамам жаннан жаман-ды;  
Өз атыңды сұрасан,  
Жас балаға алданған  
Мына тұрған Қараман.  
Мақтап жатыр сұлуды,  
Қараман хан барсын деп,  
Құлақ-мұрнын алсын деп,  
Менен де жаман болсын деп.  
Ханбибіні сұрасан,

Ақ маралдай керілген,  
Тамағынан шіркіннің  
Ішкен асы көрінген.  
Ақ маралдай аңқылдап,  
Аққудайын сынқылдап,  
Ханбибі қалды «келсін — деп,  
Тілегімді берсін» — деп.  
Ханбибіні сұрасан,  
Сом алтыннан басы бар;  
Қиғаш кара қасы бар.  
Сап алтынға боялған  
Он саусағы колы бар,  
Бұйра кара шашы бар,  
Балдан құйған сактаулы,  
Саған деген асы бар.  
Онын несін сұрайсын,  
Хор кызындай түсі бар,  
Меруерттей тісі бар.  
Барам десен тез баршы,  
Алам деп жатқан кісі бар!  
Сырт жағына қарасам,  
Қоныр қаздай бойы бар.  
Бет алдына қарасам,  
Шам шырақтай көзі бар,  
Бал шекердей сөзі бар,  
Бармақ болсаң тез баршы,  
Аламын деген кісі бар?  
Тартқан сымдай ұстаның  
Он саусағы колы бар.  
Нәзіктігін сұрасан  
Қылдан нәзік белі бар,  
Ақ күмбездін алдында,  
Алтыннан салған үйі бар.  
Мекен қылған жері бар.  
Сен бармасаң, таксыр хан,  
Маңдайынын соры бар.

Барамын десен тез баршы,  
Аламын деген кісі бар.  
Екі бірдей аяғы,  
Алтын күміс таяғы,  
Сенен басқа жоқ екен,  
Ханбибінің қарағы.  
Омырауын сұрасан  
Қос тобықтай анары,  
Құшқаннын мейірі канары,  
Барлығы саған жау екен  
Сайлаулы жұрттын жарағы.  
Бізге мәлім болды ғой  
Қарабек пен Кәдірхан,  
Бейілінің тарлығы.  
Бізді өлтірмей жіберген  
Ханбибі қыздың жарлығы.  
Көріпсін соны түсінде,  
Мойнын сірә бұрмайды  
Сізден басқа кісіге.  
Ханбибіні сұрасан  
Алтын сарай ішінде.  
Ақсұңқардай Ханбибі  
Тұрған шығар, таксыр хан,  
Тоты құстай сыланып,  
Қатын болсаң бармай қал,  
Барам деген шаһарға,  
Бөгелмей енді хабар сал!

Қараман бұл бір сөзді есітіп білді,  
Бола алмай бұрынғыдай іші күйді,  
Өлсем де осы қызды іздеймін деп,  
Қалмаққа жиылсын деп хабар тиді.

Жиылды жолдасы мен жарандары,  
Қылыш-найза қолында балуандары.  
Хан жарлығын жігіттер екі етпей,  
Жиылды шаһар халқы барған бәрі.

Халқына насихатты айтты мұнда,  
Жарлығымды жігіттер екі қылма,  
Баласы Сары сыншы сөз сөйлейді,  
Қарашы ақылы асқан данышпанға:

— Батырды Қарабектей көзін көрмес,  
Ажалсыз бұл жалғанда адам өлмес,  
Мен көрген жас жолбарыс батыр болса,  
Соғыспай Хабибіні сірә бермес.

Ерлігін Қарабектің көзім көрді,  
Батырлық, балуандықты құдай берді.  
Әй, таксыр хан, айтайын сөзім тыңда,  
Соғыссаң өлтіреді бүткіл елді.

Падиша енді жұртқа қылды жарлық,  
Бармай қалса, бойына болады арлық...  
Көңілін тамам жұрттың қайтардың деп,  
Қылыпты қарт сыншыға өкпе тарлық.

Қараман, он мың қалмақ жөнеледі,  
Шайкалып ат үстінде денелері.  
Жігіттер бізге басшы болындар деп,  
Хан келіп төрт пұшыққа әмір берді.

Келеді енді бұлар судай тасып,  
Әзілдеп ойнап, күліп, көңіл ашып.  
Бір конарға келгенде ол төрт пұшық,  
Қорыққаннан төрт жаққа кетті қашып.

Келер күні қалмаққа ойран болады енді,  
Қарабек атқа ертоқым салады енді.  
Апасын алдына алып жалғыз бала,  
Қалмаққа тура жетіп барады енді.

Әрдайым батырларға ұйқы дұшпан,  
Болады батыр, сірә, енді пұшман.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Пұшман — пұшайман, капалану, ренжу.

Бір жылша мұндар қалмақ адассын деп,  
Бір таудың етегіне келіп тосқан.

Жаныма жау қайғысы батар ма деп,  
Қолымнан әкем тағам татар ма деп,  
Бір таудың тоғайына келіп түсті,  
Бір жылша бұғанамыз қатар ма деп.

Басына құлаша атты тұсап салды,  
Ішінде қалың тоғай ұйықтап қалды.  
Қорқатұғын батырдың ойы бар ма?!  
Қараман сол арада келіп қалды.

Сонда қалмақ келеді желдей есіп,  
Батыр деп Қарабекті күнкілдесіп,  
— Баланы жалғыз жүрген өлтірем деп,  
Келеді өңшен батыр күндей күпсіп.

Балаға жалғыз жүрген тәңірі жар-ды.  
Бендеге жалғыз жүрген бейнет бар-ды  
Әзілдесіп батырлар келе жатса,  
Кеткенін қайсы жөнге білмей қалды.

Қалмақтың жолын құдай ондады ма,  
Басына дәулет құсы конғаны ма?  
Адасып он мың қалмақ келе жатса,  
Баланың келіп түсті дәл жанына.

Қиналар ер жігіттің ғаріп жаны,  
Құдая кез келтірдің бір баланы.  
Ұйқтап жатқан балаға жетіп барып,  
Мінекей найзаменен оятқаны:

— Мінгенім дайым менің ал Қаракөк,  
Өзіңе осы қылық бола ма еп?!  
Ойлаймысың апанды бермейін деп,  
Қойдай шулай қырылып өлмеймін деп?

— Түседі маған емес, саған салмақ,  
Кем бе екен, сен мұндардан біздің әруак,  
Уағадам Тасбұлақтың басы болсын,  
Жүре бер ұйқымды ашпай бәлем қалмақ!

— Кеше мен кетіп едім келмеймін деп,  
Жатырмысың апанды бермеймін деп.  
Бишара иманыңды үйіре бер,  
Осы жерде жатырмысың өлмеймін деп.

— Аллаға жақпаған іс хасіл болсын,  
Жігіттің алты малта асы болсын.  
Жүре бер былшылдамай бәлем, қалмақ,  
Соғысым Тасбұлақтың басы болсын.

— Алтын-күміс тағы бер тұрманыңды,  
Кеңесті беремін деп құрғаныңды.  
Осы жерде жатырмысың өлмеймін деп,  
Үйіре бер тілің барда иманыңды.

Қ а р а б е к т і н ж а у а б ы :

Ай, Қараман, Қараман,  
Сен атсан да, мен атпан.  
Сескенбе мендей баладан,  
Жерімді басып мен жатқан  
Мазамды алдың манадан.  
Қараша таудың басына,  
Тасбұлақтың тұсына,  
Ертеңгі күн барайын,  
Қолқаңа қолды салайын.  
Сол арада кездесіп,  
Кезекпе-кезек сөздесіп,  
Тілегінді берейін  
Сені осал жау демейін.  
Азар болса он мыңсын,  
Ерлігіңді көрейін,



Сабыр етіп тұра тұр,  
Қырып та жойып алайын.  
Құдай пана берсе егер,  
Он мыңдаған қалмаққа,  
Тапсырамын аруаққа,  
Он мыңдаған ері бар,  
Қаса батыр болса да,  
Онай емес алмаққа.  
Ажалым жетсе өлейін,  
Алла ісіне көнейін,  
Сендерді осал, демеймін.  
Сынайтұғын күшім бар  
Сабыр етіп тоқтай тұр,  
Әуселенді көрейін!..  
Сонда қалмақ ойлайды,  
Ер екен деп, бұл жасты.  
Өзімнен кем емес деп.  
Қалмақ басы Қараман  
Қолыменен сырласты.  
Сірә, ешкімнен кем емес,  
Келбетін кемітер ер емес,  
Қараса көз алдына,  
Ешкімнен қорқар ер емес.

«Біздерге ол не қылмақшы жалғыз бала», —  
Деп қалмақ бетін бұрды Қаратауға.  
Кеткенін жаудың әбден сезді-дағы  
Қарабек жатты шалқып маңғаздана.

Таңертең жауға бару түсті есіне,  
Жалғанның кім жетеді белесіне.  
Арманда өліп кетсем қиын ғой деп  
Қайтып кеп амандасты әпкесіне.

— Бұл жалғанның ішінде  
Ойласам әрбір ісімде,

Жас та болсам, апекем,  
Қатем менің көп екен.  
Қалмақтан өліп жата ма?  
Жау тісі маған бата ма?!  
Өліп кетсем, сәлем айт,  
Анам менен атама!  
Өлсем сәлем дегейсін,  
Тірі де болсам көргеймін,  
Қош аман бол келгенше,  
Бауырлас туған апам-ай.  
— Ай, апеке, апеке,  
Кәдірімді білгейсін,  
Ойнап та күліп жүргейсін.  
Айтқан сөзге көндіріп,  
Кәдірінді білдіріп,  
Айламенен жүргізіп,  
Жазатайым іс болса,  
Өліп кетсем, апеке,  
Кеткізгейсін көмгізіп.  
Құлаша атқа мінеді,  
Алла ісіне көнеді.  
Қамшы басты қаһармен.  
Қой мойынды Құлаша ат  
Бүкен-бүкен желеді.  
Қой мойынды Құлаға.  
Ащы да қамшы басады,  
Аяғын қаулап басады.  
Бір бүйірін қыздырып  
Көп қалмаққа жетем деп  
Жеті таудан асады.  
Қой мойынды Құланы  
Сабалап сонда келеді,  
Тілегін алла береді;  
Қарабек деген сұлтаның,  
Батыр туған ер енді.  
Қой мойынды Құланың

Мандайынан тер кетіп,  
Сауырынан қан кетіп,  
Туын тіккен қалмақты,  
Сонда батыр көреді.  
Қалмақ туын тіккен соң  
Қылыш кетті ұзарып,  
Көзі кетті қызарып.  
Қалмақты көріп сандалды,  
Батырларын аңғарды,  
Күркіреп айғай салады,  
Дірілдетіп даланы  
Ық жағынан кіреді,  
Құлпыра жайнап реңі.  
Күн жағынан шығады,  
Қалмақтар сасып бұғады.  
Он мыңдаған қалмағын  
Баланың білді салмағын,  
Жұлдызы жарық жанғанын.  
Алты күндей айкасып,  
Жауымен әбден шайқасып,  
Алды-артына қарамай,  
Бәрін де қырып жығады,  
Қой мойынды Құланы  
Қара терге сыбады.  
Айкайласа ақырып,  
Аруағын шақырып,  
Дұшпандар қойдай ығады.  
«Қолымда алмас жарағым,  
Жалғыз жүрген баламын,  
Қалмақтың қарсы шапқанын  
Найза ұшына аламын.  
Өлім болса баққаның  
Жайратып көрге саламын.  
Адал өлім жеткенде,  
Шәһид болып қаламын».  
Осылай деп Қарабек

Бөксеге жауын алды-ай кеп,  
Аударып естен тандырды,  
Жау тұмсығын қан қылды.  
Басына найза төнген жау  
Дал болып бәлем қанғырды.  
Топырлап бәрі сұлады,  
Бастарын тасқа ұрады.  
Қырылған адам қандай көп,  
Тамсанады қара жер  
Қызыл қанға қанбай кеп.  
Жасырынып ол жатыр,  
Қалмақтың ханы Қараман,  
Он мың қалмақ өлген соң,  
Мынау істі білген соң,  
Тұра алмайды жау қалмақ  
Аяқ-қолы қалтырап,  
Қарабекті көрген соң,  
Ерлігін оның білген соң,

Қ а р а м а н н ы н а й т қ а н ы :

Мені де қабыл көрсенші,  
Айтқаныма көнсенші.  
Елімде мен патшамын,  
Кәдірімді білсенші?  
Сен балдызсың, мен жезде,  
Аз ғана дәурен сүрсенші?  
Ақылың болса, Қарабек,  
Басына өлім іздемей,  
Апаңды маған берсенші?

Қ а р а б е к т і н ж а у а б ы :

Ойламаймын өлімді,  
Әл-қуатым бітпесе,  
Ажал, өлім жетпесе,  
Көрсетермін көрімді.

Әлі де болса жиып кел,  
Қалған-құтқан еліңді.  
Ажал жетпей өлмеймін,  
Апамды саған бермеймін.  
Соғысар болсан, жау қалмақ,  
Айта бер менің өзіме,  
Ұрысатұғын жеріңді?!  
Ашуланды Қараман,  
Қарабектің сөзіне.  
Сескенді және баладан,  
Қаймықты көзі қараған  
Қарабектің көзіне...  
Екеуі де ерлердің,  
Бермеймін деп намысты,  
Аттан түсе қалысты,  
Белге тұсау салысты,  
Табан тіреп алысты,  
Аяқтарын шалысты,  
Бармақтары майысты,  
Қабырғасы қайысты.  
Ертең келген екеуі,  
Сәскеге шейін алысты.  
Ұлы сәске болғанда,  
Қалмағыңнан әл кетті,  
Қараман ерден сән кетті.  
Бала да болса Қарабек,  
Сол уақытта ер жетті,—  
Әлсіретіп, меңдетті.  
Меңдегені емес пе?  
Тұра қалып қысқанда,  
Аузынан жаудың қан кетті.  
Қаһарланып қысқанда,  
Ажал төнді дұшпанға.  
Шыңғырып дауысы шығады,  
Жанын алқымға тығады.  
Қусырылып бүйірі,



Қабырғасы сынады.  
Сынғанын біліп Қарабек,  
Сілтеген жоқ, шалған жоқ.  
Қоя берсе босатып,  
Бейне бөлек нұрадай.  
Қараман сонда құлады-ай,  
Қарабектің күшіне  
Төтеп беріп шыдамай  
Кеудеге аттай мініп ап,  
Қолқасына қолын сап,  
«Енді жайың қалай?» — деп,  
Қалмақтан батыр сұрайды-ай,  
Қалмақты құдай ұрады-ай,  
Ұрған емей немене,  
Кемсендеп сорлын жылады-ай.

Қарабек байлап ханның екі қолын  
«Осы деп сый-сияпат күйеу жолын.  
Әкеме сауға қылып беремін» деп,  
Алдына жаяу салып тілді жонын.

Келеді мынау қалмақ күн-түн қатып,  
Арқасына соққының ізі батып,  
Қараман сөз сөйлейді сонда тұрып,  
Алдында Қарабектің келе жатып:

— Сандалтты құдай мені тентіретіп,  
Хан да болсам кеудемнен ақыл кетіп,  
Өлсем де, ай Қарабек, арманым жоқ,  
Дәуренің бүйтіп жүріп кетер өтіп.

Ай Қарабек, апанды көрсем,— дейді.  
«Бұл дүниеден армансыз өлсем»,— дейді,  
Қарабек қамшыменен оскан сайын  
Мойынын ішке тығып бүрсендейді.

Жамандар жүрер бұғып, кара басып,  
Жақсымен жақсы кетер араласып.  
Ханбибі қарсы алдынан шыға келді,  
Інісінің келе жатқан жолын тосып.

Келмейді адам қайтып өлгеннен сон,  
Шара жоқ алла ісіне көнгеннен сон,  
Қалмақ басы Қараман сөз сөйлейді  
Алдынан сұлу қызды көргеннен сон:

— Әй, Ханбибі, Ханбибі,  
Жатырмысың орнында,  
Ешбір қайғың болмайды,  
Ханбибі сенін жолыңда  
Дүние малын берсем де,  
Алар да күн болар ма?  
Тілім тартып тұрсам да,  
Мені өлтірмей қояр ма?  
— Әй, Ханбибі, Ханбибі,  
Түсімде сені көріп ем,  
Ойымды саған бөліп ем,  
Ажалым жетсе өлемін,  
Алла ісіне шара жоқ.  
Он мың қалмақ қырдырып,  
Бір сен үшін келемін.  
Түсімде кеңес құрғанмын,  
Мойнымды саған бұрғанмын.  
Қырылып он мың қалмағым,  
Күнгірт тартты жан-жағым.  
Сенін атын сұрасан,  
Ханбибі сұлу деседі,  
Дабысын желдей еседі,  
Інісінен сауғаға  
Бізді сұрап алмаса,  
Құлды бір азат қылмаса,  
Мұндар ғана ол күнді

Несін де сұлу деседі??  
Айтқан сөзі шын екен.  
Жалған айтса мін екен,  
Інісінен дүниеде,  
Бізді сұрап алмаса,  
Кұлды бір азат қылмаса,  
Мынау тұрған інізіз  
Қанымды судай ағызып,  
Басымды бір-ақ кеседі.

Сөйлейді мұндар қалмақ еріп келіп,  
Тілеуін жау қалмақтың құдай беріп.  
Қалмақтың әлгі сөзін есіткен соң,  
Сұлудың тұла бойы кетті еріп.

— Барыпсын інікешім қалмақ жауға,  
Болмай ма қалмағыннан бізге сауға?  
Есен-сау келгеніне шын қуандым,  
Апанда енді қалған арман бар ма?

Кімдер жақсы көрмейді қызыл гүлді,  
Кімнің жақсы-жаманын құдай білді;  
Қолына су құярға жарай ма деп,  
Береді алдындағы қара құлды<sup>1</sup>.

Қарашы сауға берген гөзеліне!  
— Шырағым, разы болдым бергеніне  
Бір атқа арық болған мінгіз-дағы  
Азат қылып қоя бер өз еліне.

Қараман арық мініп жүре берді,  
Кеткен жөнін қалмақтың көзі көрді.  
Қарасы Қараманның жоғалған соң,  
Қарабек апасымен кеңесті енді.

<sup>1</sup> Қара құл деп отырғаны — Қараман.

— Қайталық бұрынғы өскен жерге таман,  
Жүр ме екен ата-анамыз есен-аман.  
Мінгесіп арықпенен жете алмаспыз,  
Біліп бер ел хабарын өзін маған!

Қарабек апасы айтқан сөзге көнді.  
Айтқанын апасының қабыл көрді.  
Ақылын апасының алды дағы,  
Мінді де Құлаша атпен жүре берді.

Апасы ой ойлайды мұнда калып,  
Көрмейді елін інісімен бірге барып,  
Алды-артына қарамай ол Қарабек,  
Мінді де Құлаша атпен кетті салып.

Сонан соң Ханбибі қыз тұрды дейді,  
Беті-колын опамен жуды дейді;  
Екі етегін беліне түріп алып,  
Сонынан жау қалмақтың қуды дейді.

Жаратқан баршамызды, күдірет-ті,  
Сонынан жау қалмақтың сол қыз кетті.  
Сәскеде кәпір қалмақ кетіп еді.  
Артынан түс болмай-ақ қуып жетті.

Сонда қалмақ, жігіттер, састы дейді.  
Қамшыны арық атқа басты дейді.  
Қыз барып артынан жеткеннен соң,  
Қараман жау келді деп қашты дейді.

Болат жасып жуғанда майрылмайды,  
Қыз енді қолын ұстап айрылмайды,  
Жүрегі ұшып кеткен мұндар қалмақ  
Алдынан қыз шықса да қайрылмайды...

— Кәдірхан кызы сен едің,  
Қалмақтың ханы мен едім.  
Әкетуге еліме мен қорқамын,  
Өлтірер келіп мені інін.

Әкелді сені мұнда құдай айдап,  
Інкәр боп жүргенінде мені ойлап.  
Өлем деп мен тұрғанда қайғы жеме,  
Інімді әкеп берем қолын байлап.

Қарабек жауды қырып үйге барған,  
Қуанып ата-анасы ортаға алған.  
Апаң қайда қалды деп сұрамайды,  
Бар-жоғын жоқ бір адам елең қылған.

Ішті де інір асын төсек салып,  
Жатты ұлын ата-анасы ортаға алып,  
Орнынан тұра анасы түсін айтты  
Түсінен шошығандай көңілі налып:

«Жәббәр құдай пана бер,  
Жалғыз жүрген балаға  
Жалғызды құдай ала ма?  
Мен бір жаман түс көрдім  
Ол түсімнің ішінде,  
Таң ғажайып іс көрдім.  
Әуелгі жолың жақсы еді,  
Ақырын соның күш көрдім.  
Көрген менің түсімде,  
Қайғы толды ішімде.  
Жалғыз жүрген ер басың,  
Жолықтың жаман кісіге.  
Шошындым қарап түсіне  
Ақ бұлт келді оң жақтан,  
Көк бұлт келді сол жақтан

Екі бұлт келіп айқасты  
Күштерін біраз байқасты,  
Ақ бұлтты өлтірді,  
Жалғызым менің келмек жоқ,  
Енді бізге ермек жоқ,  
Қалған елге ие боп,  
Мұнан да бұлай жөнелтіп,  
Шөлде дұспан бөгелтіп,  
Сен кешіксең, кемпір-шал  
Тұра алмаспыз күнелтіп.  
Екі көзің жайнатып,  
Сені көрер күн бар ма?  
Ата-ананды еңіретіп,  
Апаң кетіп қалмасын,  
Қайғыға бізді салмасын.  
Баршы артынан тез жетіп,  
Әлпештеп өскен жалғызым  
Жұмыртқадай шайқаған,  
Түн ұйқымды төрт бөліп,  
Құрғатып бесік байқаған.  
Көріне түсіп жоқ болсаң  
Боламын қу бас қайтадан.  
Дүние толы төрт түлік,  
Айналайын жалғыз ұл,  
Сен келмесең бұл жолдан  
Қалмай ма оның бәрі тұл?  
Таж-тағымды талқандар  
Есіктегі Қалқан құл.  
Аяғыңды аңдап бас,  
Екі көздің бірі қас,  
Алдыңнан дұспан шықпасын,  
Ағаш оқтай айқасып,  
Жақыннан дұспан шықпасын!..  
Сен жалғызды байқасып,  
Жамандықты ойлай тұр,  
Ғапыл болма жан балам.

Түспегейсін аңдамай,  
Қазылған ордың басына  
Жолама әуел сынамай,  
Еш адамның қасына  
Елінде туған батыр жоқ  
Келетін сенің қасына  
Ғафил болып жалғызым  
Түсірме қайғы басыма.  
Айтып-айтпай немене,  
Біз ғаріпте шама жоқ  
Жазылса тағдыр тасына.  
Қайранда жұртым, хан жұртым,  
Бүгін жаман түс көрдім,  
Бұдан есен қайтудың  
Ақырын соның күш көрдім.

Жас бала ұйқысынан тұра келді  
Қой мойынды құланы мінеді енді;  
— Апамды қалмақ алып кетті ме? — деп,  
Мінді де құлаша атқа жүре берді.

Астында құлаша атын елеңдетіп,  
Қасына апасының келді жетіп.  
Апасын орда жатқан сынамын деп,  
Келеді жамандыққа көңлі кетіп.

Қасына апасының жетіп барды,  
Ойына келе жатып бір нәрсе алды.  
Ұрымды орда жатқан алып шық — деп,  
Сыртынан ақ шатырдың айқай салды.

Қарабек құлаша атты тұсап, мықтап,  
Қалмақпен көрді апасын жатқан ұйқтап.  
Келгенін Қарабектің сезіп сұлу  
Шығады оқ-сайманын тез құшақтап.

— Ай, апеке, тоқтай тұр, інім десен,  
Жаман түс көрдім деді үйде шешен.  
Қайғы басып кеудемді жетіп келдім,  
Апеке, жатырмысын аман-есен?

— Мен жаттым осы жерде, жалғыз орда,  
Есім кетіп жатырмын текке-зорға,  
Қарағым, жалғыз менен енді кетпе,  
Мәжіліс қылып отыралық бүгін мұнда.

— Апамның кім ұстайды қос анарын,  
Кім білмейді көзіннен жас тамарын?  
Шешен үйде бір жаман түс көріпті  
Білелік кел екеуміз ел хабарын.

— Қарағым, не боламын сенен қалып,  
Өзімде келсем деймін бірге барып,  
Білерміз ертен барып ел хабарын,  
Бүгін біз жете алмаймыз атын арық.

Жас бала апасының тілін алды,  
Қой мойынды Құланы тұсап салды.  
Екеуі аз ерігіп отырды да  
Қолтұзақ ойнамаққа ойланады.

Есер туған сұм қызға ісі түсті.  
Анасы ойлады енді сұмдық істі.  
Темірден қолға тұзақ салсадағы,  
Қарабек шыдатпастан шырт-шырт үзді.

— Қайнаттың інішегім сорымызды,  
Шыдатпай темір дұзақ қолың үзді.  
Мен десен, әй, жалғызым, шыныңды айтшы,  
Дүниеде не бекітер қолыңызды?

— Кеудемде шыбын жаным көңіліме тоқ,  
Өтерін енді білдім бұл дүние бок,  
Ай, апа, сұрамағын тілімді алсан,  
Қолымды бекітетін дәнеме жоқ.

— Жалғызым, сөзің мені ренжіткендей,  
Дүниеде ренжуіме ес кеткендей,  
Сырынды еркек болсам, айтар едің,  
Құдайға амалым жоқ қыз еткенге-ай.

— Дүниеде атым шыққан жалғыз жеке,  
Диуана қожасынған барған меке.  
Қолында бір жасымнан өсіп едің,  
Тіліме сенбедің бе, ай апеке?

Сол бала ақылы бар ойлайды енді,  
Жалғанның опасына тоймайды енді,  
Үш қайтара апасы сұраған соң,  
Шіркінді қыз да болса қимайды енді.

— Ай, апа, осылай екен сөз келісі,  
Құдайдың баста берген ол бір ісі.  
Ажалым сенен болса құтылмаспын,  
Төрт қанжығам арыстанның жон терісі.

Дүниеде нелер келіп, не кеткендей,  
Сырымды әлдекімдер есіткендей,  
Жалғанда қолым байлар дәнеме жоқ,  
Жалғыз-ақ өз қанжығам бекіткендей.

Қасына Құлаша аттың жетіп барды,  
Суырып төрт қанжыға тегіс алды,  
Төртеуін тегіс қылып бұрап алып  
Балаға ол тұзақты енді салды.

Баланың екі қолын байлап салды,  
Тас қылып түйді-дағы, тұсап алды.  
— Жүгірмектің екі қолын байладым деп,  
Орда жатқан қалмаққа айғай салды.

Жамандар жатады екен қара басып,  
Қыз бенен қалмақ қалған араласып,  
Қолында қайрап алған қылышы бар,  
Жау қалмақ келе жатыр аран ашып.

Сонда бала дүниені ойлайды енді,  
Көрмеген көзі шіркін мұндайды енді,  
Екі қолы байлаулы шамасы жоқ,  
Қарабек аяғымен тулайды енді.

Адамзат келуші емес өткеннен соң,  
Шара жоқ алла ісіне көнгеннен соң,  
Шақырып Құлаша атқа айтты сәлем,  
Өлерін ер Қарабек білгеннен соң:

— Гапілдіктен мен түстім мынау дертке,  
Құлаша ат, бір мен үшін қайғы шекпе.  
Мінуге енді сені заманым жоқ,  
Сәлем айт, кейін қалған ел-жұрт, көпке!

Қарашы қыздан болған жолдасына,  
Опасыз жолдас болса оңбассында,  
Ышқынып ер Қарабек тулағанда,  
Қар терісі жиырылды қол басына.

Апасы екі қолын байлағаны,  
Жамандық інісіне ойлағаны.  
Өлерін ер Қарабек білгеннен соң,  
Амандасып Құлаша атқа жылағаны:

— Құлаша ат, талай оздын шаршы топта.  
Мені ойлап, жан серігім, қайғы жұтпа.  
Қалмақтан ата жауы кегін алсын,  
Сәлем де кейін қалған қалың жұртқа.

Бұл жалғанның ішінде,  
Маған қылған жаза ма?  
Өз апам түпке жетулі,  
Содан тартқан сазам да.  
Қалмаққа байлап берген соң.  
Тіріде естен кетер ме?!  
Орнасы соның бітер ме?!  
Көрмей қалдым жұртымды?  
Арманда болып өтем бе?!  
Артымда қалған сәлем айт  
Сорлы да болған атама-ай,  
Зарлы да болған анама-ай,  
Жел жағым да панама-ай,  
Ық жағымда қалам-ай,  
Қалмақтан өлді деген соң,  
Халқым менің нанама-ай?  
Жалғыз мені өлтіріп,  
Сөйткенменен қалмақтан,  
Мейірін сенің қанар ма-ай?  
Ұшып кеткен дәулет құс  
Басыма қайтып қонар ма-ай?!  
Апам байлап бермесе  
Бұл қайғы менде болар ма-ай.  
Тас құрсақта көп жатқан,  
Тас емшекті босатқан,  
Тәтті асты жегізген,  
Жалғыз балам дегізген,  
Бір көруге зар болдым  
Ақ сүтін анам кешер ме-ай!  
Сәлем айтқын анама-ай,

Опасыз ғана сұм жалған,  
Қайта айналып келер ме-ай?  
Артымда менің бауыр жоқ.  
Қалмақ мені көмер ме-ай?  
Сөйтіп заман өтер ме-ай?  
Ажал бір келді біздерге,  
Қалған жоқ сүйек іздерге,  
Сәлемімді айта көр,  
Артымда қалған еліме,  
Не жазығым бар еді,  
Ханбибідей апа ма?  
Апа дұшпан болған соң,  
Іні шіркін оңар ма?  
Сәлемімді айта көр,  
Құрбым менен құрдасқа.  
Артымнан менің кім келер?!  
Тілегімді кім берер?!  
Жалғыз аттыны кім көрер  
Жалғыз туған қу бастын  
Сайрағанын кім білер?!  
Тоты құспын, байғұспын,  
Көкте тұрған жұлдызбын,  
Маңдайдағы құндызбын,  
Артымнан менің кім келер?  
Іздеп келер аға жоқ,  
Еш жақсылық маған жоқ,  
Әлпештеп сүйген ұлым жоқ  
Арманда болып өтті ғой,  
Жақсылық көрер күнім жоқ.  
Атадан жалғыз тудым дақ  
Толмай тұрып солдым ғой.  
Бақшадай едім Иран бақ.  
Патшалардай көрінген,  
Осы күнде келбетім  
Көрген адам тойғандай,  
Қарап тұрса суретім.

Бір дұшпанға кез қылдың  
Жасатқан алла құдіретім,  
Апам итке жақпады  
Қылып тұрған қызметім.  
Тәңірінің жазуы,  
Кімге артамын міндетім?  
Ата-анамнан айрылып,  
Далада қалдым мен жетім.  
Ит пен құсқа жем болдым,  
Тең құрбымнан кем болдым,  
Артымда қалды дәулетім.

Дүниені енді ойладым,  
Алты жасар шағымнан,  
Ерлігімді қоймадым.  
Асылда туған еді деп,  
Шәһәрінің ері деп,  
Байланып қолда жүрсе де,  
Қалмақтың ханы Қараман,  
Өлтіруге қимадым.  
Қой мойынды Құланың  
Жал-жаясы бітті енді,  
Қалмаққа байлап бергендей,  
Менен де жақсы көргендей,  
Жау тіліне ергендей,  
Бірге туған, Ханбибі,  
Неден болды жазығым?

Байдың қызы кимей ме,  
Паршадан қылған желеткі?  
Кедейдің қызы кимей ме,  
Кенептен қылған көйлекті?  
Екі де қолым босанса,  
Ханбибі атын өшіріп,  
Беліннен ғана бір шауып,  
Қылар едім бөлек-ті.

Әй, Ханбибі, Ханбибі,  
Басынды мен жояр ем,  
Қаныңды ішіп тояр ем!  
Өткір алмас қолға алып,  
Он табаның тілер ем,  
Қой соңына салар ем,  
Сөйтіп кегім алар ем.  
Өлсем де естен жаңылман,  
Жиһанда жауға бағыңбан.  
Баста ерлік бар еді  
Бір атаққа таңылған.  
Басымды баудай кессең де,  
Қараман менен Ханбибі,  
Өлсем де саған жалынбан!

Қараман мынау сөзді ойлайды енді,  
Баланың айтқанын да тыңдайды енді,  
Батырды батыр шіркін сыйлайды екен  
Баланы өлтіруге қимады енді.

— Басыма сірә менің сөз келтірер,  
Өзім деген өзіме кез келтірер,  
Елімде менен жақсы кісі жоқ ед,  
Інісінен артық па мені өлтірер.

Өлім-ақ бұрынғыдан қалған жора,  
Өлтірсем болар едін жалғыз мола,  
Баласы Кәдірханның, ер Қарабек,  
Сен ерді өлтірмейін қызға бола.

Қараман Қарабекті жақсы көрді,  
Бетінен үш қайтара сүйеді енді.  
Қыз үшін батыр қанын шашпайын — деп,  
Шешті де екі қолын қоя берді.

Қарабек сүйінді бұл қызметке,  
Жалынды тұрғаннан соң құдіретке,  
Баланын аяқ-қолы босанған соң,  
Жақсылық бастайды енді бір ниетке.

Құдайым һәр бір іске көндірді енді.  
Қадірін бұл қалмақтың білдірді енді,  
Апасы мен баланын өзі жаяу,  
Құлаша атқа қалмақты міндірді енді.

— Ай, Қараман, сертіме жетем дейді,  
Ғұмырымда сенімен өтем, — дейді.  
Апасы мен екеуі жаяу жүріп,  
Мінгізіп қалмақты атқа жетелейді.

Болды ғой байлағанда бала пақыр,  
Жігітке қайғы болды заман ақыр,  
Құлаша аттың алты күн келген жерін,  
Айлап, күндеп, жол жүріп келе жатыр.

Болмайды Қарабектей жұрттың бәрі,  
Сарғайған санаменен жүзі сары,  
Байлау менен матауды көрген байғұс  
Жүруге жарап келед әзер хәлі.

Болғанда келер күзге елге келді,  
Ел шетіне жақындап келіп кірді.  
Бір қойшы тұр қой бағып жапан түзде,  
Қарабек диуана боп сәлем берді.

Сәлемін қойшы дағы қабыл алды,  
Елінен кісі көріп мейрі қанды.  
Қарабек бұл қойшыны көргеннен соң,  
Бір сөзді тамаша қып айтып салды.

— Ай, қойшымсын, қойшымсын!  
Ойлап жүрген ойшымсын,  
Айдап жүрген қойың бар,  
Жаманда сұмдық ойың бар,

Аулыңнан түтін шығады,  
Қандай қыздың тойы бар?  
— Айтқан бір сөзің шын екен,  
Жаман айтсаң мін екен,  
Ауылдың түтінін сұраған,  
Жолаушы жаяу кім екен?  
— Менің өзім бишара,  
Көкірегімде бар сана,  
Айт ұғлым елінді,  
Мен бір келген диуана.  
— Бұл айтқаның қасылың,  
Көкке салған масылың,  
Қайсы патша баласы,  
Артық екен асылың.  
Нақабанды<sup>1</sup> ашсаңшы.  
Келбетіңді көремін,  
Сырт жағынан қарасам  
Қарабек сынды нәсілін.

Қойшыекен сол арада танып салды,  
Қарабектің қасына жетіп барды.  
Әкесіндей көрінді қойшы байғұс,  
Жүгіріп барды-дағы құшаққа алды.

Қойшыменен Қарабек амандасты,  
Құшақтасып көрісіп көп жыласты.  
Сені көрмек, Қарабек, бар екен деп,  
Екеуі амандасып мауқын басты.

<sup>1</sup> Аты, жөніңді деген мағынада.



— Қарабек, жаудырайды екі көзін,  
Жапанда жалғыз жүрдің сенің өзін,  
Азырақ құлақ салып тындасаныз,  
Көп еді саған айтар шерлі сөзім:

— Ай, Қарабек, Қарабек,  
Мен қойшыңмын, қойшыңмын,  
Ойлап жүрген ойшыңмын!  
Айдап жүрген қойым бар,  
Ойлап жүрген ойым бар,  
Кәдірхан деген хан еді.  
Әр бір іске дана еді.  
Қарабек жалғыз ұлы еді,  
Толған ай мен күні еді,  
Ұлынан сол айрылды,  
Қанаты сынып қайрылды,  
Тұяғынан майрылды,  
Құдай тағалаға зар қылды,  
Жалғыз сізден айрылды.  
Қанікей менен Тінікей,  
Қос бір бағлан қозы еді,  
Сары алтынға бояған,  
Асып кеткен қыз еді.  
Туған айдай балқыған,  
Көркемдікте жүзі еді.  
Сұлулығын сұрасаң,  
Бота көзді қыз еді.  
Қалқан деген құл еді.  
Сатып алған пұл еді...  
Атаңа қойды бақтырып,  
Көркенесін тактырып,  
Шешене тезек тергізіп,  
Соныменен күн көргізді,  
Ит қорлықпенен жүргізді.  
Шәһәргә патша болам деп  
Қанікей менен Тінікей,

Екеуін бірдей алам деп,  
Бір сөз айтса шәһәрді  
Тегіс бәрін қырам деп,  
Қалқан деген құлыңыз,  
Осындай сұмдық ойы бар,  
Қылып жатқан тойы бар.  
Қарабек деген сұлтаның,  
Мынау бір сөзді аңғарды.  
Қалқан құлды сұрасаң,  
Қылып жатқан әр істі.  
Не қыларын білмейді,  
Батыр сонда сандалды.  
Ақыл керек батырға,  
Даналы ойды ойларға,  
Қаһарланып тұрады.  
Құлының басын қоймауға,  
Батыр туған сері ғой,  
Өзінің жанын қинауға,  
Ойына батыр алады,  
Екі апасын сынауға.  
Қайраттанып Қарабек,  
Ашу қылды Қалқанға,  
Сиынады аруаққа,  
Диуана болып ел ақтап,  
Әзірленді бармаққа.

Қ о й ш ы н ы ң а й т қ а н ы :

Ай, Қарабек, Қарабек,  
Қапыда сен қалмағын,  
Қайғыменен жанбағын,  
Шешене сенің қойғанды  
Қалқан тезек тергізіп.  
Сөйтіп күнін көргізіп,  
Қасына сенің келеді,  
Тілегін алла береді.

Егер сені таныса,  
Қуанғаннан жүректің,  
Қабы да жарылып өледі.  
Көрсең соған бармағын,  
Егер сені көргенде,  
Шешен де сенен кетер ме?  
Тұтса қолы жетер ме?!  
Қалқан құлдың ызасы  
Өлсем де естен кетер ме?  
Жалғызы өліп қалған соң,  
Орнасы соның бітер ме?  
Жолында тұрған сорлы әкен,  
Қойшы болып қой бағып,  
Осы күнде кегіпті  
Жалғзым деп жын қағып,  
Кәдірхан деген хан еді.  
Әрбір іске дана еді,  
Осы күнде жүреді  
Көрінгенге таң болып,  
Жылқышыға жыр болып,  
Түйе бағып зарлаған,  
Көзден жасы парлаған,  
Атаң келсе қасына  
Мұнайып, сұлтан жасыма!  
Сырын берме атана,  
Айтсаң шының сен оған,  
Қасына сенің келеді,  
Жалғыз екенін біледі,  
Қуанғаннан жүрегі  
Жарылып сорлы өледі.

Қарабек бауырларын ойына алды,  
Аспаннан бір аққуды атып салды.  
Басына аққу кебін киіп алып,  
Қасына апасының келе қалды.

Қарабек диуана боп елге келді,  
Елінің жүзі солғын, көнлі шерлі,  
Апасының терезесі ашулы екен,  
Түбіне диуана болып соқыр келді.

Түбіне терезенің жетіп барды,  
Екі қыз диуананы көзі шалды.  
Күні бар қыз қасында қара табан  
Жалғызға бал аштыр деп жұмсай қалды:

— Диуана құдай айдап келді мұнда,  
Бал аштыр деп беріпті жеті ділдә,  
Жалғызға тезден барып бал аштыршы,  
Тілегімді берер ме жаббар құда?!

Бір диуана келіпті елді ақтап,  
Диуананы күн келді қызға мақтап.  
Бал ашқанын өзіміз тыңдайық деп,  
Екі апасы келеді сасқалақтап.

Қасына ол екеуі жетіп барды,  
Диуанаға бал аш деп айтып салды,  
«Диуана аға, бал ашып берші бізге  
Жолаушымыз алыста біздің бар-ды»

Қарабек батыр диуана болып, Қанікей мен Тінікейге бал ашқаны:

Я балалар, балалар!  
Көкірегінде арың ба?  
Жетелеген нарың ба?  
Бал аштырар кісіңіз  
Шыныңды айтшы екеуің,  
Алыс кеткен жарың ба?  
Ай, балалар, балалар,  
Адастырып тапқызбай,

Түсті ме құсын қалынға?  
Сүйгеніннен айрылып,  
Толды ма ішің жалынға?!  
Шынынды айтшы, сен, қыздар!  
Айлар өтті, жыл өтті,  
Сапар шегіп кім кетті?  
Алыстан адам тосасын,  
Ғашық болған жарын ба?

Екі қыз:

Ай, диуана, диуана,  
Аша берші балынды,  
Айта берші барынды,  
Бөтен кісі емес қой  
Қарабек сұлтан ханым-ды,  
Жүруші ек оны келед деп,  
Тілекті тәңірі беред деп,  
Жасырмай айт, диуана,  
Балыңа қалай шалынды?  
— Балынды сен аштырдың  
Диуана болған бейбаққа,  
Шынынды айтшы, екі қыз,  
Қарабек сынды сұлтаның.  
Кетіп еді қай уақта?  
— Жалғызым менің көрмейді  
Бұл жалғанның қатасын,  
Қабыл көріп жүр еді  
Атасының батасын.  
Қашан келіп, жалғызым,  
Қолымнан тағам татасын?!  
Жалғызымды ойласам  
Қан көзіме толады,  
Қарабекті сұрасаң,  
Қараман деген қалмаққа,  
Бермеймін деп кетіпті,  
Ханбибі деген апасын,

Буынымнан әл кетіп,  
Қалтырап жүрек тонады.  
Құйыла-құйыла сел болып,  
Көзден жасым саулады.  
Жалғызым еске түскенде  
Елестейді көзіме,  
Сөйлескендей өзіме,  
«Жан апа» деп құшақтап,  
Тұрғандай-ақ болады.  
— Ай, диуана, диуана,  
Жын, сайтанды қуала,  
Айтшы білген барынды,  
Қинамашы жанымды,  
Баурымның соңғы жолына  
Дәл екі жыл толады.

— Қанікей менен Тінікей,  
Шын айтсаңыз мінекей,  
Қарабек деген ініңіз,  
Толған ай менен күніңіз,  
Қараша таудың қасында,  
Тасбұлақтың басында,  
Қалмақпен ұрыс салыпты,  
Жауын жеңіп алыпты,  
Еліне қайтып барыпты.  
Бір күндері болғанда  
Орда қалған апасын,  
Ойына алып батырын,  
Білдірмей жылап қамықты.  
Жалындаған жас батыр,  
Қамал бұзған қас батыр,  
Шырадай көзі жаныпты.  
Қараша тауға жүрмекке,  
Апасын алып келмекке,  
Рұқсат сұрап жас бала

Атасына барыпты.  
Ханның алып батасын  
Жүруге бет бұрады.  
Анасы келіп зарланып,  
Бұл сапардан тоқтауды  
Баласынан сұрады.  
Қарабек сынды батырын  
Толғана мойын бұрады,  
Алладан жәрдем сұрады.  
Ата-ана елменен;  
Амандасып болған соң,  
Атының басын алысқа  
Шыныменен бұрады.  
Борандатып даланы  
Жалғыз шапты батырын,  
Астында тұлпар атының,  
Екпініменен еңіретіп,  
Қарашадаға апаға,  
Жетіп те батыр барады.  
Орда жатқан апасы  
Сұмдықты талай ойлапты,  
Құмарлана, құлшына  
Қараманмен ойнапты.  
Елден шыққан жауыз қыз,  
Қолына түскен қалмақтың,  
Қызығына тоймапты.  
Енді келсе Қарабек  
Айламенен батырдың  
Көзін мүлде жоймақ-ты.

Айласын қыз асырып,  
Қарабек қолын байлапты.  
Қолдан келер дәрмен жоқ,  
Шырадай көзі жайнапты.  
Қарабек сынды жалғыздың,  
Соры да сүйтіп қайнапты.

Қарабекті өлтіріп,  
Бұйрығына келтіріп,  
Қалмақ басы Қараман,  
Жалғыздыңның жүрегін,  
Суырып алып шайнапты.  
Алғанды құдай бермек жоқ,  
Жалғыздыңменен бірігіп  
Сен сорлыға жүрмек жоқ.  
Қызда болсаң демейін.  
Аруағыммен жебейін,  
Өлгенменен өлмек жоқ,  
Жас тілегің алдында  
Қызықпен дәурен сүр дейін.

— Мен калқанға тимейін,  
Қарабек қайғысы жетерлік  
Тағы да отқа күймеймін.  
Үстімдегі тонымды,  
Жерге таман тастайын,  
Бір сұмдықты бастайын,  
Жалғызыма жетейін,  
Жалғызым өліп шын қалса  
Бұл дүниеден өтейін.  
Бұл дүние маған тынышсыз,  
Жанымды құрбан етейін.

Екі қыз мынау сөзді айтып қалды,  
Дүниенің опасына көңлі қалды,  
— «Інін сенін өліпті» дегеннен соң,  
Тырнақпен ақша бетті жыртып салды.

— Бермейді тілегімді хақ тағала,  
Айрылған бауырымнан мен бишара.  
Қор болып дүниеде жүргенімше,  
Мұнда тұрмай өлейін бір атала.

Екеуі үйге таман жөнеледі,  
Қарабек ылажсыздан бөгеледі.  
Апам өліп дүниеден кетеді деп,  
Жас бала енді келіп көрінеді.

Қарабек апаларының көңілін  
білгеннен кейін, өзін танытқаны

— Бұл жалғанның ішінде,  
Көп-дүр менің қапам-ай,  
Қарабек деген сұлтанның,  
Қалмақтан өліп жата ма-ай?!  
Атам менен анама,  
Жалғызының қайғысы,  
Шынында қатты бата ма-ай?  
Әдейі арнап келдім ғой,  
Тілегінді бердім ғой,  
Хал-ақуал сұрай кет,  
Мойнынды маған бұра кет,  
Қайран да бауыр апам-ай!  
Алдында тұр Қарабек,  
Топтан озған қара көк,  
Айтып едім бір сөзді  
Сынайын деп сіздерді,  
Кешіре көр, жан апа,  
Ойыңа алып қылмай кек.  
Көрдім міне арман жоқ,  
Көңілде арман қалған жоқ,  
Қалқанды қазір өлтіріп,  
Жұрт көзінше алам кек.

Екі апасы екі жақтан Қарабекті құшақтап сүйіп, көріскеннен кейін, апаларының айтқаны:

— Жалғызым, қиылған жоқ менің некем,  
Жерінде сенің өлген мен де кетем,

Қолды болып кетті ғой мүкәм-малын,  
Қайтейін қой бағып жүр Қадір әкен.

Үзілді сен кеткен соң қыпша белім,  
Өзіңнің осы шәһәр мекен жерің,  
Айғырға жаңа салған байталдайын,  
Қайтейін тозғындап жүр қайран елін.

Қарабек сонда келді гүл-гүл жайнап,  
Қалқанмен күресем деп сертін байлап,  
Иінінде қабы бар арқалаған  
Шешесі келді сонда бұзау айдап.

Қарабек заманында сөйтіп жүрді,  
Азырақ қоршылықпенен дәурен сүрді,  
Шешесінің бұл халін көргеннен соң,  
Бейшара жыламады, іші күйді.

Ішіне қайғы менен дерт кіреді,  
Сырты жалын, ішіне өрт кіреді.  
Қарабек шешесіне танытпады,  
Зор құрмет анасына өткізеді.

Шара жоқ алла ісіне көнгеннен соң,  
Иман байлық адамға өлгеннен соң,  
Зарланды сонда тұрып кемпір байғұс  
Кісіден қамқоршылық көргеннен соң.

Кемпірдің жылағаны:

«Жерге бір тиген табаным,  
Қарада басым аманым.  
Жалғызым мұнда келетін,  
Болар ма екен заманым?!  
Тілекті алла беретін,

Қайғымен әкен өлетін,  
Заманда сірә болар ма?  
Жалғыз сені көретін,  
Бұл барғаннан келмесен,  
Халқымды келіп білмесен,  
Қартайған сорлы ата-анан,  
Қайғыменен өлетін.  
Қаса батыр туғансын,  
Жақсылық жолды қуғансын,  
Үкімін елге жүргізген,  
Ер екенін білгізген,  
Қалмақтың қолын талқандап,  
Алты жасар шағында  
Ерлігін де білгізген.  
Енді маған заман жоқ,  
Жалғызым мұнда келетін.  
Қара шашым таратқан,  
Мені де құдай жылатқан.  
Жалғызымды жоқ қылып,  
Не күнәм бар, жаратқан?!

Екеу де болса болмай ма,  
Бірі үйде қалмай ма?  
Артында бір ұл болғанда,  
Дұшпаннан кегін алмай ма?  
Қас бір заман іс болса,  
Тым болмаса жалғызды,  
Көтеріп көрге салмай ма?  
Тас емшегім жібіткен,  
Тар құрсағым кеніткен,  
Батыр туған жалғызым,  
Көрер күнім болмай ма?!  
Сыртың да сұлу құба тал,  
Жалғызым менің ақ сұңқар  
Қайтып те күнін көреді  
Артта қалған кемпір-шал?

Дәулетің мұнда тұл қалды,  
Артында қалған апанды,  
Қалқан деген құл алды.  
Іздеп барған еліңді айт,  
Мекен де қылған жеріңді айт,  
Көп сағындым құлыным,  
Бөгелмей енді үйге қайт.  
Қара жермен тең болдым,  
Тең құрбымнан кем болдым,  
Күндіз-түні зарланып  
Іздегенім сен болдың.  
Тірі болсаң жетер ең,  
Кебінің жоқ, көрін жоқ,  
Жалғыз қалып жапанда  
Ит пен құсқа жем болдың.  
Жалғызым келер заман жоқ,  
Алла ісіне амал жоқ,  
Саған деген алланың  
Маған тисін ажал оқ!»  
Ана дауысын есітіп,  
Сағынып келген анасын  
Қарауға батыр тоймады.  
Мен Қарабек балаң деп  
Айтайын деп ойлады.  
Жүрегі жарылып өлер деп,  
Әзір-ақ мені көрер деп,  
Екі жыл күткен анасы  
Әлі азырақ көнер деп,  
Көз алдында шешесі,  
Жыласа да жалғыз ұл  
Анасына сүйгізбей,  
Жүре берді білгізбей.

Апаларымен амандасып болған соң, шешесін көргеннен кейін енді Қалқан құлды өлтіріп, әкесі Қәдірханды қайтадан тақытына мінгізбекші болып шаһарды аралап шығады. Шаһардың

«хан аланы» деген алаңына халық жиналып, той асын әзірлеп жатады. Солардың ортасында жалаң аяқ, жалаң бас Қалқан «менімен кім күреседі» деп отыр екен. Ол мына келген диуананы көріп, хайыр садақадан болар, мына диуанаға бір кәрі жілік әкеп бер — деп бір ақсақалды адамды жұмсайды. Ол адам Қалқанның бұйрығымен, кәрі жілікті диуанаға әкеп беріп қадала қарап, Қарабекті танып, мен Есенгелді тақылдақ деп танытты:

Ай, диуана, диуана,  
Жын-сайтанды қуала,  
Сені көріп қасына  
Жетіп келдім қуана.  
Біліп тұрмын сырынды,  
Айтпасан да шынынды,  
Кім екенін таныдым  
Ойыңа сақта мұнымды.  
Есенгелді, мен, тақылдақ,  
Сөйлеген бұрын тақылдап,  
Топтан озған сапылдап,  
Бұл күндерде мінекей,  
Сіңіріме сүрініп,  
Өлуге жүрмін жақындап.  
Баяғыда атан әкелген  
Қалқан деген кара құл,  
Асқан қайрат дара құл,  
Құртып та барад тақымдап.  
Айналайын Қарабек,  
Сөз сөйлеуші ем жалындап,  
Екіленіп бастасам,  
Сөз бұлағы кететін,  
Арнаға симай арындап.  
Құлан дала күздегі өрт,  
Жайылатын қабындап.  
Көп қорлықпен күн өтіп,  
Қердің бе, сұлтан, мінекей,

Көзімнің алды мұнардай,  
Сорасы шыққан тұмандай,  
Екі көзім жалтырап,  
Зорға тұрмын қалтырап,  
Барлық жайды білесін,  
Аралап өзін жүресін.  
Тоқталма бекер, жан бала,  
Өткен күнді қайта орнат,  
Сұраған сенен бір ісім.

Қалқан құл отыр екен гүл-гүл жайнап,  
Қызықты мен көрсем деп сертке байлап.  
Жас бала Қалқан құлға келді жетіп,  
Құты ұшты Қалқан құлын оны абайлап,

— Әй бала, бұл майданда қайдан жүрсін?  
Көңілінде жығамын деп ойлаймысың?  
Жүзін ашық бишара бала екенсің  
Әрман кет, қолға тисен онбайды ісің!

Қарабек Қалқан құлға жетіп барды,  
Айтуына қарамай ұстап алды,  
Оң қолынан Қалқанды ұстап алып,  
Аспанға байғұс құлды атып қалды.

Жаратқан әр нәрсені құдай күшті,  
Құдай өзі жөндейді мұндай істі.  
Оң қолымен ұстап ап атып еді,  
Қалқан құл сонда аспанға құстай ұшты.

Жалғанда Қарабектің көңілі ақ-ты,  
Жігіттер ақ дегеннің орны жұмақ-ты.  
Қайта түсіп Қалқан құл келе жатса,  
Түсірмей қалқанменен қайта қақты.

Қаққан соң мұндар құлын қайта кетті,  
Жауыздық өз түбіне өзі жетті.  
Қалқанды жерге сірә бір түсірмей,  
Аспанда күні бойы серендетті.

Мінгені қой мойынды Құлаша атты,  
Адамның артығы екен шын бек затты.  
Тақылдақ Есенгелді келе жатыр,  
Қалай деп Қарабектің күш-қайраты?!

Тақылдақ жақындап кеп таң қалады,  
Пердесін Қарабектің жұлып алды,  
Қарабек бұл екенін таныған соң,  
Жиылып елі-жұрты келе қалды.

Қарабек ел-жұртымен амандасты,  
Құшақтасып бәрімен көп жыласты,  
Заман боп ел көретін бишараға,  
Азырақ жылап енді мауқын басты.

Жиылып елі-жұрты жетіп келді,  
Шешесі мен әкесіне хабар берді,  
Келер деген олардың ойы бар ма  
Баруға тоғыз кісі әзірленді.

Жамандар жатады екен қара басып,  
Күн қайда бала сүйер араласып,  
Жүруге екеуінің қуаты жоқ,  
Келеді екі сорлы қол ұстасып.

Көргендер әкесіне сын тағады;  
Ақылсыз, ақмақтарды жын қағады.  
Зар жылап Кәдірханың келе жатып,  
Көзінен жас орнына қан ағады.

Шешесі жалғызым деп зар жылады,  
Баласын көргеннен соң аһ ұрады.  
Қарабек жүгіріп кеп құшқанында,  
Тас емшектен сүт-бұлақ сарқырады.

Қарабек заманында болды сері,  
Жылайды көргеннен соң тамам елі.  
Кемпір-шалдың зарланған дауысына,  
Жылайды жер жүзінде дию-пері.

Қарабек жалғыз бала ер жетеді,  
Дүниеде ер жеткенше ес кетеді.  
Қызығын жалғызымның көремін — деп  
Отыз күндей кемпір-шал той етеді.

Сол жерде Қараманды жақсы көрді,  
Қылған ісін еліне айтады енді.  
Қарабек үйде қалған екі апасын,  
Апарып Қараманға қосып берді.

Қарашы ғашық болған гөзеліне  
Қалмақ разы болады сөздеріне.  
Отыз кісі қасына тағы беріп,  
Қараманды жіберді өз еліне.

Қас қылған Ханбибіні жын қақтырып,  
Жүргізіп көрінгенге сын тақтырып,  
Әкеліп есерсоққа қосты-дағы,  
Жіберді екеуіне қой бақтырып.

Жігіттер, жамандықты қылмаңыздар,  
Ханбибінің қылғанын ойлаңыздар.  
Жамандық өз басына келіп қалса,  
Байқамай ғапілдікте қалмаңыздар.



Шаман келсе, қылып қал жақсылықты,  
Құдайым жақсылықты хош қылыпты.  
Ханбибіні есітіп, ғибрәт алып,  
Жамағат бірін-бірі дос қылыпты.





# Ж

арандар, сал құлағың тындап бізге,  
Сөйлейін бір қиссаны енді сізге.  
Кешегі Ормамбет хан заманында,  
Өтіпті Құбақанбай жапан түзде.

Дүниеде ойлап тұрсам әуре сарсан,  
Жігіттер тәубе қылғын қайда барсан.  
Сөйлейін бір қиссаны Құбақаннан,  
Жарандар, бір азырақ құлақ салсан.

Шығардым көңілімнен әр түрлі жол,  
Бітірген соның бәрін он саусақ қол,  
Өтіпті Құбақанбай жапан түзде,  
Өзінің құдай берген дәулеті мол.

Өзінің құдай берген дәулеті көп,  
Қырық ұлы, қырық қызы бар көңілі ток.  
Алыпты жалғыз өзі тоғыз қатын,  
Елсізде жатады екен уайым жоқ.

Жапанда өскен екен ел көрмей-ақ,  
Елсізде жалғыз ауыл жатты саяқ  
Есебі жоқ өзінің көп-ті малы,  
Құдайым ұл, қыз берген аямай-ақ.

Бір өзі ұлға да бай, малға да бай,  
Өзінің дәулеті мол, көңілі жай.  
Құдайым әр не берсе бірдей берген,  
Іздеген төрт түліктің бәрі де сай.

Азалда артық қылған хақ тағала,  
Мекені елсіз, күнсіз жапан дала,  
Құдайым мол дәулетті берсе дағы,  
Түспейді есігіне келін-бала.

Сөйлейін бек мазмұндап енді мұны,  
Белгісіз азаматтың өткен күні,  
Қырық ұл, қырық қыз бір кеңес құрған,  
Қиссаның тыңдайтуғын келді жері.

Сексені ақылдасты болып нала,  
Жарамас бұлай жүру үлкен аға.  
Жақында ел бар болса баралық деп,  
Салады тұлпарларға алтын таға.

Сексені ақылдасып атқа мінді,  
Іші пысып кеңесіп жиылды енді.  
Жақын жерде барар ел бар ма екен деп,  
Малын баққан бір шалдан сұрайды енді.

Балалар әрбір ойды ойлайды енді,  
Еркіне шал байғұсты қоймайды енді,  
Жақын жерде ел болса біз баралық,  
Әй, ата, білгенінді сөйле деді.

Дүние екі айланбас бір келеді,  
Балалар байғұс шалды көп тергеді,  
Балалар көп жалынып сұраса да,  
Шешіліп байғұс шалың үндемеді.

Балалар қоймайды енді сөйлемеске,  
Жауап бер дейді, бабай, бұл кеңеске,

— Білген ісің бар болса айтқын бізге,  
Білгенінді айтпасаң жөн емес пе.

Сонда шалың сөйлейді байпаң қағып,  
Балаларға барады сөзі жағып,  
— Оңтүстікте бар еді бір бәйтерек,  
Онан жақын нәрсе жоқ жүрмін бағып.

Ешқайда онан ары барғаным жоқ,  
Аралап жердің жүзін алғаным жоқ,  
Білгенімді айтайын, шырақтарым,  
Жақында ел дегенді көргенім жоқ.

Оңтүстікте бір тоғай бар деп айтты,  
Миуалы қалың тоғай тал деп айтты,  
Тілімді алсаң менің, шырақтарым,  
Бәрің де қолға қару ал деп айтты.

Әр жолға өзі бастар аллатағлам,  
Сіздердің мен сөзіне қайран қалам.  
Елсіз, иесіз тоғайда жау бар шығар,  
Жүргейсіз тұлпар мініп бәрің, балам.

Адамның сөз білмейді бір қарасы,  
Қандырмас құлағыңды сөз жаласы.  
Құбақанның қырық ұлының арасында,  
Бар еді токалының бір баласы.

Құдайым бақ бергей де бендесіне,  
Ғаріпті патша құдай жөндесін де.  
Кенжесі ер Дотанға сөз айтады,  
Айтпайды жөнді жауап өңгесіне.

Сөз айтты ер Дотанға байғұс шалың:  
— Сырымды сенен аяр бар ма халім?!  
Қулықтан қара көк тай туған еді  
Соны ұстап жылқыдағы мінгін жаным.

Колына мылтык алғын соны мініп,  
Жетерсін айшылыққа күн-түн жүріп.  
Тілеулес мен мүсәпір ғарібін деп,  
Жөнелтті ер Дотанға бата беріп.

Әр алуан сөз айтады жас балаға,  
Ақылды мүсылманға бас балаға,  
Қара көк тайды мініп, қару алып,  
Ер Дотан жүрмек болды құр далаға.

Қасына ағаларын ертіп алды,  
Тұлпар-тай мініп алды майда жалды,  
Атасынан рұқсат бата алып,  
Саулатып ол балалар жолға салды.

Не қылса қадір ием өзі білер,  
Балалар неше күндер жүріп келер,  
Он күн жүріп, он бір күн болған шақта,  
Қалын тоғай, бір өзен су көрінер.

Ол тоғайды көрді де, келді жетіп,  
Аттарын камшы басып екпіңдетіп.  
Сексені шабуылдап жетіп келді,  
Не бар-жоқты көргенше есі кетіп.

Жағалай келіп түсті ол ағашқа,  
Жұпар жағып анқытып кара шашқа.  
Миуа жиып, баршасы қанып қалды,  
Аттарын байлап-байлап қойды басқа.

Бәрі бірдей пандықпен ұйықтап жатыр,  
Тіккені бастарына алтын шатыр,  
Иісін адамзаттын алғаннан соң,  
Бұларға бір жалмауыз келе жатыр.

Білмейді ұйықтап жатып жалмауызды,  
Жұтқалы балаларға салды ауызды,

Жалғыз жатқан қалыпты Дотан аман,  
Өзгесін, бәрін жұтты ұл мен қызды.

Жалмауыз балаларға келіп қалды,  
Бір сұмдық байқаусызда болып қалды.  
Бір ұртына барлығын тығып тұрып,  
Қасына Дотан бала жетіп барлы.

Баланы ұйқтап жатқан көрді сонда;  
Қайран боп нұсқасына тұрды сонда,  
Жұтайын деп баланы келгенінде,  
Тай теуіп жалмауызды қалды сонда.

Ол тайдың кемпір көрді қасиетін,  
Шалдың Дотан ұғыпты уәсиетін,  
Тай төпкен соң жалмауыз кейін тұрды,  
Көрсетті ол кемпірге көп қайратын.

Баланы тайы теуіп оятады,  
Оңтайлап өзін өзі жаратады  
Дотан бала оянып көзін ашып,  
Кімсің деп қу кемпірге сөз катады.

Түріне жалмауыздың қарай қалды,  
Мылтықты атайын деп қолына алды.  
Қараса қасындағы жолдасы жоқ,  
Мылтықпен атайын деп оңтайланды.

Мылтықты ұмтылады қолына ала,  
Қорықтастан он бір жасар ғаріп бала,  
Ұлсызға ұл, қызсызға қызбын дейді,  
Қу жалмауыз мылтықты көре сала.

Кемпір сонда атпа деп жалынады,  
Сабыр қып жөн сұрасан неқылады?  
Шырағым, мені атпай сөз сұрасан,  
Жоғынның бәрі менен табылады.

Бала сонда кемпірдің сөзін тосты,  
Құдайым есіркесін көңілі босты.  
Баланы тайыменен асап қойып,  
Жұптастан аузынан қайта құсты.

Сонда кемпірдің балаға айтқаны:

Шырағым, сөз айтайын саған дейді,  
Қызмет қып бересің бе маған дейді.  
Жолдасыңның бәрін де мен тастайын,  
Қызмет қылсаң болайын анаң дейді.

Жұмсайын сізді балам бір жұмысқа  
Жеті жылда жетерсін оған дейді.  
Сөйлейді сонда бала жеті жасар,  
Құдайым сүйген құлын қылмас нашар,

— Істейін, қызметінді ана сіздің,  
Бар құдай қандай жерден нәсіп шашар?

Қылайын қызметіңнің білсем бәрін,  
Көңілім осы күнде болды жарым,  
Шамам келсе атқарам қызметінді,  
Әуелі тастасаңшы бауырларым.

Сөзіме менің, кемпір, құлағың сал,  
Жаратқан бәрімізді паруардигар,  
Неде болса қылайын қызметінді  
Өзіңе жолдас болар бір ағам бар.

Әй, кемпір, мұндай сөзді айтасын-ай  
Көңілің аударылған жай тасындай.  
Келейін үлкенірек атқа мініп,  
Атым нашар астымда қайтесін-ай.

— Шырағым, ағаларың мен берейін,  
Басыңды патшаларға теңгерейін

Үйінде саған жарар атың жоқ қой,  
Тәуекел деп тайыңмен жіберейін.

Ағаларын қояды бәрін құсып,  
Қуанысты баршасы түгел түсіп,  
Бір-бірін аман-есен көргеннен соң  
Отырысты күллісі қуанысып.

Кемпір сонда сөйлейді Дотан ерге,  
Жүр дейді жеті жылдық алыс жерге,  
Менен сен енді, сірә, құтылмайсың,  
Ағаларың өзіңмен жүрсін бірге.

Жеті жылда жетерсің тынбай жүрсен,  
Құданың құдіреті дүр нені көрсен.  
Шынтемір деген жан бар күнбатыста,  
Ешкімнен кем болмасың тірі жүрсен.

Қызы бар Шынтемірдің Күнікей деген,  
Сол қызға балам ғашық боп жүдеген,  
Қараңғы үйді ол кірсе жарық қылар,  
Сол қызға еш адамзат теңелмеген.

Менен сен соны әпкелсең құтыласың,  
Болмаса тағы қайта жұтыласың,  
Күнікейдің сұлулығы артық дейді,  
Соны әкелсең түседі ықыласым.

Жас бала қу кемпірдің тілін алды,  
Құдайым көңіліне ақыл салды  
Кемпірдің жұмысына барамын деп,  
Келді де ағаларға хабар салды.

Барамын жау кемпірдің жұмысына,  
Бар құдай жәрдем бергін тынысыма,  
Ағалар жолдас болғын енді маған,  
Сіздерді берді құдай ырысыма.

Балаға ағалары сөз айтады,  
Токтатып кешіктірмей тез айтады,  
Біздерден ешқайыр жоқ бара алмаймыз,  
Барсаң өзің жүре бер деп айтады.

Бар құдай өз бәнденді өзің онда,  
Мұхаммет шапағатшы рәсуалла.  
Ағалардан еш қайыр болмаған соң,  
Бір өзі тәуекел деп түсті жолға.

Алқисса, қасына ағалары ермеген соң жылағаны:

Сонда бала жылайды,  
Көзінің жасын бұлайды.  
Рақым қыл деп мен құлға,  
Алладан медет сұрайды.  
Ермедіндер, ағалар,  
Не іс қылсам ұнайды.  
Жеті жылдық жол екен,  
Жалмауызға кез болдым,  
Ғарыптық деген сол екен.  
Аман сақта, құдая,  
Арасы сусыз шөл екен.  
Он бірге келген жасым бар,  
Әуреді сарсаң басым бар,  
Құданың жазған тағдыры,  
Бармасқа ғылаж болмады.  
Сактағаны мол екен,  
Жолдасым жоқ қасымда,  
Қабырғалы ат емес,  
Мінгенім тай астымда.  
Аман болғыл ағалар,  
Салды алла бір істі  
Он бірге келген жасымда.  
Ата-анама сәлем де,  
Ағаларым, аман бол!

Қай таудың қалам тасында?  
Азалда жазған жазуға,  
Бәнденің болмас шарасы.  
Қырық ұл едік ағалар,  
Құбақанның баласы,  
Аман болғын, ағалар,  
Жүрегімнің парасы.  
Хақысын кешсін ата-анам,  
Тілінде болып санасы.  
Ғаріптік, михнат көргенде  
Ерлерің болсын әрқашан,  
Жаратқан тәңірім панасы.  
Көп сәлем де атама  
Батасын маған берсін-ай.  
Мұратына жеткір деп,  
Дұғада болып тұрсын-ай.  
Бес уақыт намазда,  
Көңілін маған бұрсын-ай.  
Ғарып ата-анама .  
Үш қайтара сәлем де,  
Тілегім тілеп жүрсін-ай.  
Жалмауыз кемпір қорқытып,  
Алысқа мені айдады  
Тілегі мұның құрсын-ай.  
Айналайын, ағалар,  
Аман-есен болындар,  
Үйге қайтып барындар,  
Қартайған мұңлық атама  
Жақсы қызмет қылындар.  
Құбақанның ұл-қызы,  
Сексен едік атадан.  
Мендей мүсәпір інінді  
Аман қайтып келгенше,  
Тастамаңдар батадан.  
Жолымды алла оңғарып,  
Құтқарсын өзі қападан.

Күзыр Илияс жар болып,  
Сақтасын тәңірім жападан.  
Жау кемпірдің жұмысы,  
Маған болды асқар бел.  
Көз жасым толды қойныма.  
Ағып барып болды сел.  
Түстеніп, қонып баратын,  
Арада жоқ еш бір ел.  
Жүгірген аң, ұшқан құс,  
Жолдасым болды соққан жел.  
Аман болғын, ағалар,  
Қош, риза бол, апалар,  
Бізден бұрын неше хан,  
Неше сұлтан баласы,  
Қыз іздеп жүріп далада  
Тартқан екен жапалар,  
Аналарға сәлем де,  
Жете алмадым он беске,  
Ағалар қалып барасыз,  
Бірің ермей жолдасқа.  
Маған ылаж болмады  
Бұған да сірә бармасқа.

Дотан бала мұны айтып жолға түсті,  
Не болса тәңірі қылар әрбір істі,  
Көк тайға екі қоржын алтын артып,  
Алла деп ағаларға қош айтысты.

Еліне ағалары кетті қайтып,  
Жіберді Дотан бала сәлем айтып.  
Жалғыз өзі елсізге шыққан соң,  
Жылайды ғарып бала қайғы тартып.

Көк таймен Дотан бала жолға салды,  
Жер жөнін сүм кемпірден сұрап алды.  
Жүріп бара жатқанда кемпір келіп,  
Баланың он бетінен сүйіп алды.

Ал жөнөді, бала жөнөді,  
Алланың салған ісіне,  
Әр не болса көнеді,  
Жалтанменен жалтандап,  
Тайға мініп қалтандап,  
Жолға түсіп келеді.  
Майдан-майдан, майдан жол,  
Майдалай басып келеді.  
Алтыншы таудан ары асып,  
Жетінші тауға жанасып  
Қарсақ жортас қалыңнан,  
Қарғып кетіп барады,  
Түлкі жортпас тораптан  
Түнде кетіп барады  
Белең-белең жерлерден,  
Болдырып кетіп барады,  
Асқар-асқар таулардан,  
Асып кетіп барады,  
Баланың көңілі дариядай,  
Тасып кетіп барады,  
Ауыздығын көк тайы,  
Басып кетіп барады,  
Аузынан көбік бұрқырап,  
Шашып кетіп барады,  
Жас баланы құдайым,  
Айдап кетіп барады,  
Екі көзі жұлдыздай  
Жайнап кетіп барады,  
Мінәжет қылып құдайға,  
Жағы тынбай бұлбұлдай,  
Сайрап кетіп барады.  
Бір заманда қыс болды,  
Қары жауып, мұз қатып,  
Бір заманда жаз болды,  
Ұйықтаған жоқ бір жатып,  
Ат үстінен ұйықтап,

Қалғып кетіп барады.  
Бір заманда жаз болып,  
Көк шығады жайкалып,  
Астындағы көк тайы  
Құнан шығып жүн тастап,  
Жорға болды шайкалып,  
Иіп алды бөксесін,  
Екі бұты талтайып,  
Құрықтай мойны ұзарып,  
Түзеп алды мүшесін,  
Сауыры шықты томпайып.  
Жаз ортасы болғанда,  
Қара көк құнан түрленді.  
Ортекедей құнтиып  
Анық тұлпар осы екен,  
Жал-құйрығы сымпиып.  
Шу десе тұлпар ағады,  
Ауыздықпен алысып,  
Шалкая тартып шіреніп,  
Ұшқан құспен жарысып,  
Маядай мойнын созады.  
Тарта-тарта баланын  
Алақаны тозады.  
Еті кызып желіксе,  
Бой бермейді қарысып.  
Ермегі жоқ ерікті,  
Қүндіз-түні жүрумен.  
Жалғыз бала зерікті.  
Арада неше қоныпты,  
Талма түстің шағында,  
Мидай жапан далада,  
Құланның ішкен қағында,  
Сұлап жатқан бір жерде,  
Бір адамға жолықты.  
Сұлап жатқан адамды,  
Анадайдан көреді,

Іркілместен жас бала,  
Қасына жетіп келеді.  
Сипатына қараса,  
Жасы үлкен кісі екен,  
Иіліп сәлем береді.  
Сәлемін алып ол адам,  
Мұсылманша сөйлесіп,  
Жөнін сұрай береді.  
Сонда бала сөйлейді:  
— Он екіде жасым бар,  
Әуре болған басым бар,  
Басындағы мән-жәйын  
Айтып сөйлеп қылды зар.  
Жалмауыз кемпір бұйырып,  
Қылды маған ол кәһәр,  
Күнбатыста бір шаһар,  
Шынтемір деген ханы бар,  
Күнікей сұлу дейтұғын,  
Ханның жалғыз қызы бар.  
Сұлулығын сұрасаң,  
Күндей болған жүзі бар,  
Соны алмаққа барамын.  
Аллаға қылып тәуекел,  
Жеті жылдық жолы бар.  
Алла өзін онда деп,  
Мен мүсәпір талапкер.  
Алқисса, әлгі адам айтты:

Менің затым мұсылман, атым Тыңдаушы деген едім.  
Елімізді жау шауып, мен елсізде жүргелі жеті жыл болды, енді  
ермексіз болған соң, жер астында бір хан қыз ұзатып, той  
қылып жатыр еді, соны тындап жатырмын,— дейді. Енді мен де  
сізбен бірге ел табайын,— деп бірге жаяу жүреді.

Екеуі жолдас болып бірге жүрді,  
Арада неше күндер ойнап-күлді.



Екеуі тағы бір жыл бірге жүріп,  
Бір үлкен өзен суға таяп келді.

Серік боп, бір-біріне екі батыр,  
Жағалап ол өзенді келе жатыр,  
Бірі атты, бірі жаяу келе жатса,  
Бір адам мылтық ұстап карап отыр.

Бұл кім деп, мекен қылған жалғыз көлді? —  
Қасына іркілместен жетіп келді,  
Әуелі кім екенін білелік деп,  
Қасына жақын келіп сәлем берді.

Сәлем алды ол дағы тұра келіп,  
Сөзіне не сұраса жауап беріп.  
Мұсылманша тіл біліп сөйлескен соң,  
Барады екеуінің көңілі еріп.

— Ай ата, жапан түзде нағып жүрсін?  
Қай жұрттан, қай рудан, нәсілін кімсің?  
Қолында мылтығын бар, жолдасын жоқ,  
Жөнінді айт, балаларың естіп білсін.

— Айтайын мен жайымды, балам, дейді.  
Көңілім қуанып тұр саған дейді.  
Далада аңда жүріп білмей қалдым,  
Ел үркіп, кетіп қапты тәмәм дейді.

Кеткенін елдің қайда біле алмадым,  
Қаңғырып ешбір жаққа жүре алмадым.  
Бұрынғы менің елім мекені осы,  
Кетуге мұны тастап қия алмадым.

Еліміз мұнан үркіп, кеткен жосып,  
Сіздерге кез келтірді құдай қосып,  
Кеше түсте атып ем бір аққуды,  
Отырмын осы жерде соны тосып.

Әрқашан құс аспанда ұшушы еді,  
Қайратым бойды сонда қысушы еді,  
Ауада ұшқан құсты бүгін атсам,  
Уақытында қайта айналып түсуші еді.

Сөйледім мен жайымды сіздерге енді,  
Сіздер де айтыңыздар маған жөніңді.  
Бұлар да бастан-аяқ айтты сырын,  
Сол кезде ұшып көктен аққу келді.

Аққуды алып, бұлармен жүрді бірге,  
Бір құдай жолдас қылды Доган ерге,  
Екі жаяу, бір атты жолдас болып,  
Келеді неше күндік алыс жерге.

Үшеуі жолдас болып, бірге жүрді,  
Сапарда бірнеше күн ойнап-күлді.  
Үшеуі жолдас болып келе жатса,  
Аң қуған бір жаяуды көзі көрді.

Өзінің тоты құстай басы бар-ды,  
Мөлшері жиырмада жасы бар-ды.  
Ол жаяудың қасына жақын келсе,  
Екі аяқта қазандай тасы бар-ды.

Үшеуі аяндасып жетіп келді,  
Сөйлескелі көңілі кетіп келді.  
Тас байлап, зыр жүгірген, неткен жан деп,  
Күлісіп көп тамаша етіп келді.

Қиікті жаяу қуып ұстай алды,  
Бұлар жақын келген соң тұра қалды,  
Екі аяқта қазандай екі тасқа,  
Қиік ұстап алғанға қайран қалды.

Қиікті ұстап, бұларға жетіп келді,  
Көрді де үшеуіне сәлем берді.

Сәлем алып үшеуі жауап қылды  
Дүниеде көрмедік деп сіздей ерді.

— Сұрасаң менің атым Желаяқпын,  
Адамзаттан бір шыққан қу аяқпын,  
Екі аяққа екі тас байламасам,  
Токтамай ғайып болып кетер-ақпын.

Құзырдың маған тиген дұғасы бар,  
Құданың өзі берген қуаты бар.  
Жапан түзде жүрген мен тірі ғайып,  
Айтайын болсаң сөзді ұғатындар.

Мен өзім тірі ғайып түзде жүрген,  
Әр кіммен жолдастықты іздеп жүрген.  
Ұшқан құстан басқаны жібермеймін  
Ау-жанның болсын осы бізден білген,

Ағалар, мен жайымды айттым саған,  
Сіздерде жайларыңды айтшы маған.  
Бұл жермен еш адамзат жүрмеуші еді,  
Айдаған не себептен алла тағлан?

Бұлар да Желаяққа сырын айтты,  
Қалдырмай бастап аяқ бәрін айтты.  
Күнікей Шынтемір хан қызы дейді,  
Сол үшін барамыз деп зарын айтты.

Бұлардың айтқан сөзін біледі енді,  
Алладан аз күн пәрмен тіледі енді,  
Сіздермен мен де бірге барамын деп,  
Желаяқ та ілесіп жүреді енді.

Қосылып бұл төртеуі жол жүреді,  
Күні-түні көз ілмей мол жүреді.  
Бір жыл жол жүргеннен соң алдарынан  
Тағы да бір адамзат кез келеді.

Алқисса, бұлар келіп, ол адамға сәлемдесіп жөн сұрады. Ол адам айтты:

Мен Көзбайлаушы едім, ермек қылып әрнәрсеменен ойнап жүремін. Өздеріңізге жол болсын дейді. Сонда бұлар да жайын айтты, одан кейін Көзбайлаушы да бұлармен бірге жүрді.

Басында жалғыз еді, бесеу болды,  
Ондағай патша құдай енді жолды  
Аз да болса тобының бәрі мықты,  
Бөгейтін әрқайсысы мың-мың қолды.

Жүргелі бұлар тағы бір жыл болды,  
Көреді тірі пенде әрбір жолды.  
Қара көк тұлпарының жүрісіне,  
Дотанның жылдан жылға көңілі толды.

Келеді неше қабат таудан асып,  
Бар құдай жапан түзден нәсіп шашып.  
Келе жатса үш биік, сүмбіл шырпы,  
Алдында төбенің тұр қатарласып.

Ол тауға жетелік деп аяндайды,  
Жүруден сірә бұлар аянбайды,  
Шетіндегі екі тау қимылдап тұр,  
Қорыққаннан қасына таянбайды.

Дотанның жібереді жалғыз өзін,  
Айтқан соң, қайырмады жолдас сөзін.  
Қол бұлғап, жолдастарын шақырды енді,—  
Үш тауға жақын барып, қадай көзін,

Ол тауларға Ер Дотан сәлем берді,  
Сәлем беріп жөн-жосық сұрап көрді.

Сәлемін жақсы құптап алғаннан соң,  
Жолдастары қасына жетіп келді,

Қалай деп қоқан-қоқан еткендерін,  
Таулардан мәні-жайын сұрады енді.

Алкисса, бұлар диюлер екен. Ортасындағы үлкені жауап беріп айтты:

— Мына екеуі менің екі балам еді, екеуі еншіге таласты, сонан соң мен екеуін таластырмай, күшін салмақтап, күші артығына енші берейін деп тұр едім,— дейді. Байқасам кіші ұлымның күші артық екен, соған артық берейін деп,— еншілерін берді. Одан кейін бұлардың жөнін сұрады. Бұлар жөнін айтқан соң, сіздерменен Шынтемірханға мен де барып, қызық көріп келейін деп, Тау салмақтаған дию бірге жүрді.

Басында біреу еді — алтау болды,  
Батырлар бір-біріне көңілі толды.  
Шынтемірханға көктемде жетеміз деп,  
Алтауы ақылдасып білді жолды.

Мұнымен әңгімеміз тұра тұрсын,  
Алтау аяндасып жүре тұрсын.  
Хан жағынан сөйлейік біраз енді,  
Жамағат, қандырайын құлақ құршын.

Әуелі бисміләдір сөздің басы,  
Шынтемірхан бір талай елдің басы.  
Мекені Мұхит теңіз жағасы екен,  
Бар екен жалғыз қызы, бес баласы:

Құнбатыс уалаятка патша болған,  
Қазынасы тоқсан екі сарай толған.  
Зүбәр-жағдан, гауһәр тас орнатып,  
Қызына алтындатып сарай салған.

Онаша жатады екен Күнікей қыз,  
Жиырма қыз нөкері бар бір ерке қыз

Алтын сүйек, ақ тамақ Күнікейден,  
Жарандар, аз әңгіме айталық біз.

Қыз сарайы шын зубәр жағдан тас,  
Өрнек бар тамашалы адам нанбас.  
Бақ шарбағы сом лағыл алтын қақпа,  
Баршасын тәмәм қылып айтып болмас.

Күнікей бір күн жатып түс көріпті,  
Түсінде көп тамаша іс көріпті.  
Шаһаріне алты адам келген екен,  
Тамам жұрт алтауынан күш көріпті.

Түсінде алты адам көреді енді,  
Күнікей қызда болса зирек еді,  
Түсіндегі көргенін айтайын деп,  
Ең үлкен ағасына келеді енді.

Күнікей ағасына жетіп келді,  
Қорқып өңі-түсі де кетіп келді.  
Жүзіне қарай салып Күнікейдің,  
Не жұмысқа келдің деп, сұрап көрді.

— Шырағым, неге келдің Күнікейжан,  
Көңілін қапа тартқан түрін жаман,  
Шырағым, жүзің солғын болды неден?  
Жаман сөз естідің бе бір адамнан?

Алкисса, сонда Күнікейдің ағасына айтқаны:

— Жан ағеке-ау, құлақ сал,  
Көргенімді айтайын,  
Ішіме симай барады,  
Сізге айтпай қайтейін,  
Құлақ салып тыңлағыл,  
Түнде көрген түсім бар,

Айтқалы келдім, ағеке-ау,  
Көңілімде қайғы ісім бар,  
Қатты қорқып бір түстен,  
Зағфырандай сарғайған,  
Ренім солған түсім бар.  
Сарайда жаттым жасымнан,  
Арыстан туған ағалар,  
Құс ұшырмадың басымнан,  
Қайғы түсті көңіліме,  
Бір түс көріп тосыннан.  
Келе жатыр алты адам,  
Ақ бөкендей жосыған.  
Түсі суық алты адам,  
Күншығыстан келіпті,  
Орғыта басып желіпті.  
Сол сияқты адамды,  
Осы келген Күнікей,  
Қарындасын көріпті.  
Ішінде бар бір бала,  
Мінген аты сұр жайдақ,  
Тайрандай басқан қу жайдақ,  
Жеті жыл болды шыққалы,  
Дамыл таппай келеді,  
Атқан октай бұлдырап.  
Төрт тұяқтың сарыны,  
Зәремді алып барады,  
Түскен мұздай сылдырлап,  
Мойыны құлаш Қара көк,  
Кісінеген дауысы,  
Төбемді жарды шынғырлап.  
Асқар таудың қиясын,  
Тегіс жердей басады.  
Аруағы баланың,  
Күннен күнге асады.  
Талма түс мезгіл болғанда  
Ойынды еті бұлтылдап,

Бота тірсек, қой мойын,  
Аузынан көбік шашады,  
Алтауының бетінен  
Дәу перілер қашады,  
Ішіндегі қу бала,  
Дариядай көңілі тасады.  
Астындағы Қара көк,  
Арандай аузын ашады.  
Мен білсем, аға, алтауы  
Ерегіскен дұшпанның  
Қанын судай шашады.  
Келе жатыр бір бала,  
Қасқыр бетті сұр бала,  
Арыстандай жүректі,  
Жолбарыстай білекті.  
Он сегіз жасар қу бала,  
Жауырыны қақпақтай,  
Қайғыменен аһ ұрып,  
Көзінің жасы көл бала,  
Көргенімді айтайын,  
Тыңдағыл мені, жан аға!  
Шаһаріңе келеді,  
Қанша дұшпан болса да,  
Бәрін жеңіп алады.  
Қарсыласқан дұспандар,  
Қор болып бәрі өледі.  
Ертен түсте келеді.  
Өзіне сәлем береді.  
Ағасы сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бұй дейді:  
— Мен бір жауап айтайын,  
Тыңдап мұны түр дейді,  
Көңілінді бұзбай, шырағым,  
Үйіне қайтып бар дейді.  
Келе қалса, шырағым,  
Қайратын оның көрерміз,

Сөйлесіп жауап берерміз,  
Саған, қарғам, келсе ол,  
Әр іске оны салармыз,  
Жарар болса егерде,  
Тұрпатын сынап қарармыз,  
Денің сүйсе баланы,  
Өзіңе жауап қылармыз.  
Күлкі болып жүрмелік,  
Еш бәндеге шығарма,  
Ішіндегі сырынды,  
Көрмей көңіл тынар ма?!  
Мынау жакта бар еді,  
Қалмақ деген бір дұспан,  
Шамасы оған келер ме?  
Көп жылама зарланып,  
Көрген түске қорланып,  
Мұны қалмақ естісе,  
Кәріп қылар біздерді  
Бірақ күнде қамданып,  
Үйіне қайтып келеді,  
Гәріптерді жияды,  
Әр кісіге бір алтын,  
Құдая қылып береді.  
Мын пақырды жиып ап,  
Садақа нәзір қылады.  
Патша қызы Күнікей,  
Бір баланың тілеуін,  
Ғашықтықпен тіледі.

Алтауы тынбай жүріп келе жатыр,  
Бес жаяу, біреуі атты, өңкей батыр.  
Арада жеті жылдай сапар шегіп,  
Еліне Шынтемірхан келді ақыр.

Құдайым бұлай айдап нәсіп етті,  
Қорқытып қу жалмауыз тентіретті.

Арада талай бейнет көрген байғұс;  
Бұралып Шынтемірге жаңа жетті.

Көреді ел қарасын енді бұлар,  
Арада талай бейнет көрді бұлар,  
Ел қарасын көргенге шүкір қылып,  
Бір жерде тамақтанып дем алдылар.

Сол жерде тамақтанып дем алысты,  
Енді елге баралық деп жолға түсті,  
Бір өзенді жағалап келе жатып,  
Бір жалғыз қараша үйге кез келісті.

Бір ұрғашы, бір еркек ол үйдегі,  
Үстінде лыпасы бар, жоқ көйлегі.  
Аш-жаланаш отырған ол мүсәпір,  
Бұларға кімсіздер деп сөз сөйледі.

— Сөйлейді сөйле десен қызыл тілім,  
Михнат бәрі қиын көрген күнім,  
Жеті жылдай сапарда жүріп келдік,  
Қызына ғашық болып ханыңыздың.

Айталық жайымызды енді сізге,  
Арыдық жеті жылдай жүріп дүзде.  
Алыстан данқыменен іздеп келдік  
Ауылы қайсы ханыңның айтшы бізге.

Бұл елдің жақсы адамы кім болады,  
Жігітке сапар деген сын болады.  
Сұраймыз, әй мүсәпір, мұны сізден,  
Тағы да епті адамы кім болады?

Ол адам сөз сөйлейді бұларға енді,  
Көңілін мен сөйлесем тынар дейді,  
Айтайын білгенімді енді сізге,  
Ханымның бес баласы болар дейді.

Көңілін артық туған бала екенсің,  
Сен өзін әрбір іске дана екенсің,  
Күнікейді мал беріп алайын деп,  
Шырағым талап қылып жүр екенсің.

Сөйлейін енді балам саған жауап,  
Мекені күші жеткен қылар тауап  
Күнікейдің дидарына ғашық болып,  
Он мың қалмақ шаһарды алған қамап.

Өзіңнің артық екен салтанатың,  
Жақсы адам шығармайды жаман атын,  
Он мың қалмақ шаһарға келіп кетті,  
Жазира қалмақ дейді оның атын.

Жазира артық патша қуаты көп,  
Өзінің ләшкері мол, көңілі тоқ,  
Күнікейді аламын деп үкім қылған,  
Еш қайрат қыла алмады жиылған көп.

Жауының шошынды жұрт түрін көріп,  
Ақырып аюдай боп елге төніп.  
Алдынан қыз Күнікей қарсы шықты,  
Қалмақты кідіруге ойын бөліп.

Жазира қызды көріп болды ғашық,  
Көңілі қуанғаннан кетті тасып.  
Күнікейді бермекке уәде қылды,  
Еліміз қорыққаннан соң қара басып.

Қанымыз бес ұлымен қойдай ықты,  
Ол қалмақ Жазира атты, өзі мықты.  
Күнікейді береміз дегеннен соң,  
Уәде қылып шаһаріне қайтып кетті.

Жолы бар ол халықтың тоғыз күндік,  
Бермесек Күнікейді ақыр өлдік.



Ханымыздың бір баласы ақын Шорман  
Беліне буынғаны алтын белдік.

Өзін жалғыз баласың жолдасың аз,  
Шырағым, жаным ашып қыламын наз,  
Өлтірер бәрімізді қалмақ білсе,  
Несіне-ай, шырағым боласыз мәз.

Ол бала сөз айтады онан кейін,  
Сөзіне бұл адамның мен не дейін?  
Көрерміз қалмақ жаудың мәні-жайын,  
Ханыңмен сөйлеселік оған дейін.

Жеті жыл Сарығадан шыққаныма,  
Жеті жастан үлгі сөз ұққаныма,  
Күнікейді еліме алып кетпей,  
Көрмей-ақ қу қалмақтан бұққаным ба?

Мүсәпірсін, сен өзін сөз білмейсің,  
Жазира бір ақырса безгендейсің,  
Қаңғырған өңшең дию не қылар деп,  
Менсініп біз пақырды көзге ілмейсің.

Сөзіңді сенің айтқан аңғарайын,  
Қалмақ жау күшті болса таң қылайын.  
Аулын ханыңыздың маған көрсет,  
Аулына ханымыздың мен барайын.

Жас бала осылайша сөз бекітті,  
Қалмақтан көрдің бе деп үкімдікті.  
Шаһарын патшасының көрсеткен сон,  
Алтауы жолға түсіп жүріп кетті.

Атты-жаяу жолменен келе жатыр,  
Не көрмес тірілікте бәнде пақыр.  
Баяғы қыздың түсі рас болып,  
Бұларды ақын Шорман көреді ақыр.

Алыстан бұлар келді сапар жүріп,  
Қайғысы басылды енді көңілі тынып.  
Сымбатын қыздың айтқан таныған соң,  
Алдына қызмет қылды зыр жүгіріп.

Баланын түсі кірді баяғыдай,  
Ер жігіт айтқан сөзден танадыма-ай,  
Жеті жыл сапар жүріп ара жолда,  
Ел көрді тірілікпен аяғында-ай.

Данышпан акын Шорман ақылы артық,  
Бақыты заманында тұрды шалқып,  
Бұларды мейман қылып күте берді,  
Ешбір сөйлемейді жауап катып.

Сонда Шорманның бұлардан жауап сұрағаны:

Жол болсын, сөйлей отыр, меймандарым!  
Көңіліне немене еді алғандарың?  
Қай жақтан келесіздер жөнінізді айт,  
Бір тұқымдас елмісіз осы бәрің?

Әрқайсың мың кісідей бар ғой күшін,  
Біліп тұр айтпасан да оны ішім.  
Қайғылы капалықпен жүр екенсіз  
Байқасам, әр алуан әрбір ісің.

Жас бала артық екен сәулетіңіз,  
Сөз айтар бар ма бізге нәубетіңіз?  
Жасын бар он жетіге жаңа келген,  
Қарасам жаннан артық келбетіңіз.

Сұрасан акын Шорман менің атым,  
Бәрінің жұрттан бөлек салтанатын.  
Жол болсын, деп — сұраймын меймандарым,  
Боласыз қай рудан, азаматым?

Сөйлейді сонда жауап Дотан бала,  
Нәсілін артық қылған хаптағала,  
— Көңілімде әр алуан жұмысым бар,  
Айтайын сіз сұрасан нақтап, аға.

Жерім атын сұрасан Сарығуайды,  
Қайғымен көзім жасы бетім жуды,  
Басымызға іс түсіп сапар жүрдік,  
Шыққалы елімізден жеті жыл-ды.

Әкем атын сұрасан Құбақанбай,  
Тілегін артық берген жаббар құдай,  
Қырық қатын әкеміз алған екен,  
Жиһанда төрт түліктің бәрі де сай.

Әкеміз бай болыпты жасынан-ақ,  
Құдайым дәулет берген басынан-ақ.  
Әкеміз сегіз сарай үй салдырып,  
Астына қойған екен алтыннан тақ.

Бір күні такта жатып түс көріпті,  
Түсінде сұлу көркем қыз көріпті,  
Сипаты жаннан артық бір қыз көріп,  
Мұны қайдан табам деп күш көріпті.

Қырмызы қызыл жібек айтса жүзін,  
Құлақпен есіткендей айтқан сөзін.  
Шынтемір хан кенжесі жалғыз қызы,  
Күнікей деп айтады оның өзін.

Әкеміз көрген түсін бізге айтты,  
Сөзін бізге айтқан соң қайта жатты.  
Соны іздеп табындар деді бізге,  
Әкеме қайғы дерті жаман батты.

Сонан соң талап қылдық ізденуге,  
Аралап жер шаршысын кезденуге,



Ағалардан ешбіреу ермеген соң,  
Мыналар жолдас болды сонда бізге.

Жеті жыл мен шыққалы болған екен,  
Көңіліме қапа-қайғы толған екен,  
Даңқыңды сыртыңыздан есітіп-ап,  
Үйіне меймандарың келген екен.

Жасым бар он жетіге жаңа келген.  
Тар жолда ғайыппірім медет берген,  
Тай еді мінгенімде Қара көгім  
Ішінен он мың жылқы таңлап мінген.

Келеміз сонан бері арып-ашып,  
Айдады бері қарай бізді нәсіп,  
Шаһаріне есен-аман келгеннен соң,  
Отырмын қыз алғандай көңілім тасып.

Нелер қиын таулардан асып келдім,  
Адам баспас жерлерді басып келдім.  
Он жасымнан көргенім жол бейнеті,  
Азып-тозып қуатым қашып келдім.

Бүгін мен келіп түстім өзіңізге,  
Хабар айт, патша менен биіңізге,  
Ертен тұрып бүрсікүн жауабың бер,  
Тынығып біз келгенше күйімізге.

Айдаған бізді бұлай құдай ісі,  
Арада тынбай жүрдік жазы-қысы,  
Жеті жылдық жолыңды іздегенім,  
Әкемнің қайғы болды іші-тысы.

Осы еді жұмысымыз, Шорман аға,  
Тайынан Қара көкке салдым таға,  
Жеті жыл азып-тозып жүргеннен соң,  
Қалмады ініңізде титтей баға.

Патшаныз ардақтаған Күнікейін,  
Қолынан разы боп берсін бізге.

Сөз айтар ақын Шорман оған қарай:  
— Бұл жерге айдап келді жаббар құдай,  
Көңіліме қатты тиді айтқан сөзің,  
Шырағым, Күнікей деген сөзің қалай?

Сөзіңнің артық көрдім затын, сірә,  
Қолыңда бар ма жазған хатын, сірә,  
Ұшып келген Сарығуадан тоты құстай,  
Бар ма еді Күнікейде ақын сірә,

Арада жеті жылдап жол жүріпсін,  
Токтамай күні-түні мол жүріпсің.  
Неде болса Күнікеймен өзің сөйлес,  
Сөйлесіп армансыз боп көңілің тынсын.

Ой ойлар неше түрлі ақын Шорман.  
Болмайды бәрі тегіс көңілге алған:  
Тез келіп меймандарға көрінсін деп,  
Ағасы Күнікейге кісі салған.

Күнікей шақырған соң келе жатыр,  
Күйме мініп, қолға алып алтын шатыр,  
Күнікей жарық-жұрық етіп кіріп келсе,  
Қайран боп қарап тұрды өңшең батыр.

Сәулетпен келе жатыр нөкерімен,  
Дүниенің өкінерсін бекерінен,  
Қырық қыздың ішінде Күнікейін,  
Жалтырап маңдайынан күн көрінген.

Күнікей жүдеп жүрген ала жаздай,  
Сол елде жалғыз басты көптен аздай.  
Күймеден түсті-дағы үйге кірді,  
Байпандап көлге қонған қоңыр қаздай.

Алкисса, Күнікейдін алдынан Шорман ағасы келді, сонда  
Күнікейдің ағасына айтқаны:

Жан аға, амансыз ба, данышпаным!?  
Әрқашан дұшпан келсе алысқаным.  
Топқа мені ешқашан шақырмаушы-ен  
Састын ба, бір нәрседен, арыстаным?

Қырғи құс торғай ілер көкте жүріп,  
Жақсы адам іс бітірер ептеп жүріп;  
Жақсы мейман келгендей қуаныпсыз,  
Алдымнан шыға келдің зыр жүгіріп.

Баскамен менің, сірә, ісім бар ма?  
Қараңғы үйді жарық етер түсім бар ма?  
Дауысы бір түйғынның шаңқылдайды,  
Жан аға, үйінде бір кісі бар ма?

Жағалай өзен суға бітер құрак  
Кімдікі мынау тұрған қару-жарак?  
Бұрын өзім көрмеген істер көріп,  
Жан аға, соның үшін тұрмын сұрап.

Қыз едім, еркек емес менің өзім,  
Сарғайған санаменен қызыл жүзім,  
Осынша топ ішіне шақырыпсыз,  
Бар еді маған айтар қандай сөзің?

Сөйлейді сонда ағасы жауап беріп:  
— Шырағым, шақырған соң тұрсыз келіп,  
Не қыларын мұнан былай алла білер,  
Міні тұр, тілеуінді құдай беріп.

Бір түсті маған келіп айтып едің,  
Асығып айта салып қайтып едің,  
Шырағым, көрген түсі келер ме деп,  
Ескеріп сонан бері байқап едім.

Жалтырап сауытымен келген екен,  
Бір саған іңкәр болып жүрген екен,  
Жүзікара кешегі Жазираны,  
Бұлар да сырттан сұрап білген екен.

Қарағым Күнікейжан, ақылын артық,  
Жүруші ем қу қалмақтан ішім қорқып,  
Ер Дотан өзін айтқан іздеп келді,  
Біле бер ендігісін ақыл тоқып.

Келтірді сау-сәлемет жалғыз алла,  
Жүрген соң медет беріп шыбын жанға,  
Шырағым, көргеннен соң үйіңе қайт,  
Жүрмелік күлкі болып көп дұшпанға.

Дұшпаным осы күнде толып жатыр,  
Келіпті сізді іздеп бір өншен батыр,  
Данышпан ақылы артық адам екен,  
Ұнатсаң мен беруге қылдым ақыл.

Күнікей мына сөзге қуанады,  
Ағасы айтқан сөзін хұп алады,  
Баланы көргеннен соң тамаша қып,  
Тез қайтып үйіне өзі жұбанады...

Үйіне келіп кірді Күнікей қыз,  
Жазира енді менен үмітінді үз,  
Бір арғымақ құдая қып бауыздады,  
Құдая қоса көр деп балаға тез.

Құдайға бір арғымақ шалып сойды,  
Баланың дидарына көңілі тойды,  
Алтын сарай қазына, ішіктерін,  
Құлпыртып үй төріне ашып қойды.

Көрінді тіпті жақсы қызға бұл іс,  
Күнікей енді алмады бір де тыныс.

Құдая бұл балаға қоса көр деп,  
Ғариптерге таратты алтын-күміс.

Құдай-ау, бөгеу берме қызыл тілге,  
Кез келді алты кісі рулы елге,  
Қызды көріп, бұлар да қуанады,  
Бір құдай медет бер деп біздей ерге.

Қызды көріп жөнелді ханға бәрі,  
Дотанның табылған соң теңі-жары,  
Хан үйіне сөйлес деп жетіп барды,  
Көңілінде Күнікей боп ынтызары.

Сөйлес қылып қақпада тұра қалды,  
Көрген адам бұларға қайран қалды.  
Алыс жолдан біз келген меймандармыз,  
Қонамыз деп патшаға хабар салды.

Қонсын деп мейман үйге кіргізеді,  
Алдына қызметкерлер жүргізеді,  
Астына кілем жайып, көрпе төсеп,  
Неше түрлі тағамдар бергізеді.

Сый-сияпат, құрмет көріп сол күйінде,  
Жатады мейман болып хан үйінде,  
Қонақтар қайсы жұрттың адамы екен?  
Біліп кел деп бұйырды бір биіне.

Ол биі жетіп келіп сөз сұрайды,  
Мейман жайын білуге тез сұрайды.  
Қай жерлік, қайсы жұрттың адамысыз?  
Баян қыл мәні-жайын деп сұрайды.

Алкисса, сол калде Шыңтемірханның Бақтияр деген ақыны  
бар екен, сол домбырасын қолға алып, олардың жайын мен бі-  
лемін деп сөйлегені:

Ей, ханым, мен сөйлейін тынласаныз,  
Ақылмен алыс жерді болжасаңыз,  
Бар екен Құбақанбай күншығыста,  
Айтайын бізге ашу қылмасаңыз.

Жолы бар жеті жылдық жері шалғай,  
Атасы қырық ұлының Құбақанбай.  
Тоғыз қатын бір өзі алған екен,  
Беріпті және қырық қыз жаббар құдай.

Өзінің құдай берген дәулеті мол,  
Жан-жағы елсіз болар жеті айлық жол,  
Әммесін, мәні-жәйін білгеннен соң,  
Баян қып алдыңызға айтқаным сол.

Ұйықтапты бір күн өзі тақта жатып,  
Құдайым түс көрсеткен тәңірқатып.  
Түсінде бір сарайға кіріп барып,  
Аралап көп қызыққа қалған батып.

Түсінде ол сарайға кірген екен,  
Сарайда Күнікейді көрген екен,  
Түсінде қызыңызға ғашық болып,  
Құдайым қатты қайғы берген екен.

Құбақан сол түсінен оянады,  
Бұл түсім қалай түс деп ойға алады.  
Түсінде Күнікейге ғашық болып,  
Ішінен жаман қатты қайғы алады.

Түсінде қыздың жөнін айтып берген,  
Апырау бәрін мұнын қайтып көрген,  
Жас бала атасы үшін келген іздеп.  
Қасында бес кісі бар жолдасқа ерген.

Арада жеті жылдай жүрген екен,  
Атасы хатқа жазып берген екен,

Таксыр-ау, кесіп алсан міні басым,  
Алмаққа қызыңызды келген екен.

Мұны есітіп хан орнынан тұрды енді,  
Меймандарын көрмекке көңіл бөлді,  
Қандай жандар екенін білейін деп,  
Үстіне меймандардың кіріп келді.

Келді де Шынтемірхан сөз сөйлейді,  
Отырып тізе бүкпей тез сөйлейді.  
— Жұмысын қиын көңіліне алған, жарқын балам,  
Келмейді қолымыздан деп сөйледі.

Айтайын, келмейтұғын сырым дейді,  
Қылғалы келіп пе едің қайын дейді,  
Жазира атты қалмақтың ханы шығып,  
Жау болды бізге, осы жайсыз дейді...

Аттанып мың сан қолмен келді бізге,  
Жарқыным құлағың сал мына сөзге,  
Күнікейді бермесең шабам деді,  
Сөзім жоқ айтатын мұнан өзге.

Оған біздің халіміз келмес болды,  
Қанша айтсақ өзге іске көнбес болды.  
Күнікейді бермесең шабамын деп,  
Айнала қамап алды оң мен солды.

Қорыққан соң Күнікейді бермек болдық,  
Жұрт үшін бір баланы құрбан қылдық,  
Берелік Күнікейді қайтыңыз деп,  
Қайтып келіп алғыл деп сөзді түйдік,

Жазира сонан кейін қайтып кетті,  
Уағада келемін деп айтып кетті.  
Жазираны өлтірсең қызды аласын,  
Мінекей, тындасаңыз біздің кепті.

Халіміз біздің сірә келмейді оған,  
Жау қалмақ алмай қоймас, түрі жаман.  
Жазираны өлтіріп ала алмасаң,  
Айтатұғын сөзім жоқ енді саған.

Бұл сөзді мақұл көрді сонда бала,  
Көңілін басқа іске қылмады ала.  
Жазираны өлтіріп берейін деп,  
Сауытын киіп алды мың толғана.

Дотанның ханға айтқан жауабы:

Таксыр хан, уағададан жаңылмағыл,  
Жазира алады деп қам қылмағыл,  
Жазира өлгеннен соң қызын бермей,  
Қалаңды бекер босқа шаң қылмағыл.

Қалмаққа жүрмек болды тәуекел деп,  
Жол тарту, қолдаса алла, жөн екен деп.  
Патшаның Телқоңырын жетекке алды,  
Әкелем басын кесіп, мен тілкімдеп.

Сонымен тәуекел қып осы бала,  
Алмады жалғыз жолдас қасына да,  
Ер Дотан «я алла» деп түсті жолға,  
Айлады жаббар алла бар ма шара.

Сауыт киіп, садағын қолына алды,  
Алланы мінәжат қып көңіліне алды,  
Жалғыз барып қалмақпен соғыспаққа,  
Жүйткітіп қос тұлпарды жолға салды.

Жалғыз кетті жас бала,  
Бір құдайға жалбарып  
Қылады күнде көп чала,  
Бағымды құдай ашқыл деп,

Душпанның көңілін басқыл деп,  
Айтады күнде мың-сана.  
Талап қылдым қалмаққа,  
Шаһарін бұзып алмаққа,  
Жаратқан тәңірім бол пана.  
Жөнеді, бала жөнеді,  
Шенбер ұрып келеді,  
Кұдайға бәнде болғансын,  
Не салса да көнеді.  
Тоғыз күн ұдай жол жүріп,  
Аз ғана емес, мол жүріп  
Қалмақтың шаһарін көреді.  
Қабыладан соққан борандай  
Қос тұлпардың тозанын  
Бұрқыратып келеді.  
Шаһардың күндік жерінде  
Тоғыз кісі аң аулап,  
Қарауылда жүреді.  
Келе жатқан жас бала,  
Бұларға жетіп келеді,  
Бірін-бірі көреді,  
Жолын сұрай береді,  
Сонда бала сөйлейді,  
Сөйлегенде бұй дейді:  
— Менің өзім баламын,  
Оттай лаулап жанамын,  
Жасымнан қайғы көргенім  
Ішім толған санамын.  
Ханыңа барып сәлем айт,  
Алла маған жар болса,  
Басын кесіп аламын.  
Жұртына бүлік саламын.  
Сонда бұлар сөйлейді:  
— Тұра-тұр енді сіз,— дейді,  
Баралық елге біз дейді.  
Жапа жалғыз жас бала,

Майданды неге іздейді?!  
Бала тұра қалады.  
Олар шауып жөнеді,  
Ханына жетіп барады,  
Кіріп барып ханына  
Енді сөйлей береді,  
Тоғызының ішінен  
Біреуі жауап береді,  
— Келді жалғыз бір бала  
Он сегізде жасы бар  
Мен байқасам баланың,  
Мын кісілік басы бар.  
Қол астындағы еліннен  
Бір кісі шықпас оған пар,  
Қаңтарда жауған бұлттай.  
Зәһәрлі суық түсі бар.  
Іздеп келді өзінді,  
Соғысатын ісі бар,  
Бұл жұрттан бөлек тұрпаты,  
Сан кісілік күші бар.  
Мұны есітіп Жазира,  
Жұртына үкім қылады,  
Батырларын жиып ап,  
Қайраттарын сынады,  
Алдынан жылдам бар дейді  
Үлкен майдан сал дейді.  
Жалғыз жүрген жан болса,  
Басын кесіп ал дейді.  
Бес жүз кісі аттанды,  
Хан Жазира шаттанды,  
Алып кел деп душпанды  
Үйде отырып мақтанды,  
Ажал айдап бұл жүрген  
Не қылған жалғыз адам деп.  
Жазира қалмақ баптанды.  
Бес жүз кісі барады,

Барып қалмақ көреді  
Жалғыз тұрған баланың  
Жан-жағын қоршап алады.  
Қамаған жауды көрген соң,  
Аллаға қылып мінәжат,  
Тұлпарға қамшы салады.  
Ақырды күндей күркіреп,  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тонып,  
Жауған күндей дүркіреп,  
Алла деп енді ат қойды.  
Ол шетінен кіреді,  
Бұл шетінен шығады.  
Қойға кірді бір бөрі  
Бөріктіріп ақырды,  
Бір баланың керінен,  
Шыдай алмай көп қалмақ  
Үріккен қойдай қашады.  
Тұлпарға қамшы басады,  
Қайраты судай тасады,  
Кез келгенін қырады,  
Қылышымен ұрады,  
Қалмақтар жаман сасады,  
Жас баланың аруағы,  
Қалмақтың үстін басады,  
Толып жатқан қалмақтың  
Қанын судай шашады,  
Аттанып келген қалмақтың  
Қырғыннан аман қалғаны  
Қалаға қарай қашады.  
Қашып барды ханына,  
Жәбір тиіп жанына,  
Тақат қылып тұра алмай,  
Қашып кірді тамына.  
Мұны көріп қалмақтар  
Ханына жетіп барады,

Бір пәле келді таксыр деп,  
Алдына басын салады,  
Ойран қылып барады  
Дейді шаһар-қаланы  
Мұны есітіп Жазира  
Қорқады жаман сандалып,  
Хабар салып шаһаріне,  
Мінді атына қамданып,  
Қалмақтар жаман қорқады,  
Ол балаға таңданып.  
Атына мініп Жазира  
Балаға жетіп келеді,  
Іркілмей саспай панданып.

Сонда қалмақтың балаға айтқаны:

Ай балам, ажал айдап келді сені,  
Хан Жазира деп айтар білсен мені.  
Ажалына асық боп жүр екенсің,  
Көресің көп теперім тұрсаң әлі.

Ай балам, кім болады атың сенің,  
Қайсы жұрттан болады затың сенің?  
Ажал айдап келтірген сорлы балам,  
Қолыңда бар ма белгі хатың сенің?

Жазира көрін төгіп ашуланды,  
Шыдамай ашуынан оттай жанды,  
Ай бала, кезек беріп мықты бол деп,  
Садағын атайын деп қолына алды.

Садағын тартып қалды, кезеп тұрып,  
Ер Дотан қарап тұрды кезек беріп,  
Таска тиген оқтай боп тайып шықты,  
Құзыр Ілияс тоқтатты қалқан болып.

Оқ түсті құзыр Ілияс қалқан болып  
Оқ өтпей қалмақ тұрды көңілі солып,  
Ер Дотан қол қойды да садағына,  
Қалмаққа сөз сөйлейді сонда тұрып:

— Ай қалмақ, нақ ажалың енді келді,  
Аузына қаратыпсың тамам елді,  
Мұны айтып садағымен тартып қалды,  
Кірістен тесіп өтіп оқ жөнелді.

Қалмаққа қак жүректен тиді барып,  
Оқ тиді қалқан, сауыт кабат жарып,  
Жиылған көп қалмактар батпай қалды,  
Дотан қайтып жөнелді оттай жанып.

Қайтадан Дотан жөнелді,  
Басты байлап жанына,  
Бір жерлерге келгенде.  
Телқонырға мінеді.  
Шынтемірден шыққанға,  
Сонда он күн боп еді,  
Кезек-кезек мінеді.  
Екі тұлпар атына,  
Тамақ ішіп, дем алды,  
Бір таудың келіп шатына.  
Онан тағы жөнелді.  
Қарамады артына,  
Дәл он бес күн болғанда,  
Жетіп келді Ер Дотан,  
Мұнара қорған сатыға.  
Сол жерлерге келгенде  
Ел қарасын көреді,  
Мұнара қорған дейтұғын  
Қарауыл пана жер еді,  
Күнікей сұлу сол халде,  
Сарайдың шығып үстіне,

Жолына карап жүр еді.  
Әне-міне дегенше,  
Ашып көзді жұмғанша,  
Ұйытқып саулап келеді,  
Жазира кәпір қалмақтың  
Басын әкеп салады.  
Жасауылдар, билері,  
Ханға алып барады,  
Шынтемірхан ал сонда,  
Басты алып көреді,  
Басты көріп таниды,  
Дотанға жетіп келеді.  
Келіп сөйлей береді:  
— Қуанып кеттім, шырағым,  
Өзінді аман көрген сон.  
Дұшпаным жау қалмақтың,  
Басын әкеп берген сон,  
Басын танып білген сон,  
Ай, карағым Дотанжан,  
Елі-жұртым жияйын,  
Тамаша тойлар қылайын,  
Анық батыр екенсің,  
Тағы да бір сынайын,  
Тауып келсең сонымды,  
Қызымды саған берейін.  
Сонда Дотан сөйлейді:  
— Шынтемірхан сіз болсаң,  
Құлақ салғын сөзіме,  
Дұшпанына жіберіп,  
Уәде қылдың өзіме.  
Сіздей әділ жандардың  
Уәдесі жалған болғаны  
Дұрыс па сірә өзіне?  
Құлақ салғым келеді,  
Уағданың түзік тезіне,  
Сонда ханың сөйлейді:

Уағдамды бұзбаймын,  
Бір уағда келгенсін,  
Ешнәрсеге қызбаймын.  
Жүз байтал маған тауып бер,  
Қалын малы сол болсын,  
Онан ары созбаймын.  
Бұл сөзді естіп Ер Дотан  
Жолдастарға келеді.  
Шынтемірханның жауабын,  
Оларға айтып береді.  
Жүз байтал сатып алып кел деп,  
Бір қоржын басы алтынды  
Қолдарына береді.  
Жолдастары жүгіріп,  
Базарға жетіп барады,  
Жүз байталды бір жерден  
Тауып, сатып алады.  
Ханына айдап барады,  
Жүз байталды апарып,  
Хан алдына салады.  
Жылқыны көріп Шынтемір  
Елі-жұртын жияды  
Екеуін де бітірді,  
Екі қайта сынады.  
Әр түліктен мал сойып,  
Енді тойын қылады.  
Беруге қызын некелеп,  
Дотан сынды батырға,  
Неқылса да қияды.

Жаратқан барша жанды құдайымды,  
Жамандар көп ойлайды уайымды.  
Той қылып Шынтемір хан гулеп жатыр,  
Болады бір бұзықтан сөз дайын-ды.

Той қылып Шынтемір хан гулеп жатыр,  
Жиылды тамашаға өңшең батыр.  
Бар екен ханның биі Орман деген,  
Тойына шақырған соң келе жатыр.

Отырды хан қасында дардай болып,  
Шөктірген жота жерге нардай болып.  
Аздырмаққа ол ханды ой қылады,  
Сөз андыған ұрғашы қарыдай боп.

Онашаға ол ханды шақырады,  
Есітуге бидің сөзін хан тұрады.  
Жалғыз жүрген жолаушыға қыз берме деп,  
Патшаны шайтан болып азғырады.

— Ай, тақсыр, ой-ойламай неге састың?  
Малынды неге сойып бекер шаштың?  
Алдалық амалменен ол баланы,  
Ұятты қыз алғаны жалғыз бастың.

Жалғыз басқа қыз берме тақсыр ханым,  
Қызың берсен бұл жұртқа кетер сәнін.  
Жүз байталға қызынды неге саттың?  
Хан емес ата-тегі білсең оның.

Патша қыз мына сөзге тоқталады,  
Бұзуға уағдасын оқталады,  
— Кім аты озса қызды алады деп,  
Балаға Шынтемірхан сөз салады.

— Той болған соң ат шаппай жараспайды,  
Жақсыға жаман кісі жанаспайды,  
Аты қалса қызымнан құр қалғаны,—  
Деп Шынтемір тағы да сөз бастайды.

— Бұл сөзің Дотан бала жарар дейді,  
Не айтсаң да бәрі аузыңа қарар дейді.



Бәрекелде ат шаппақ жақсы кеп деп,  
Ер Дотан мақұл көріп, барам дейді.

Ханымыз уағыдасынан неге тайған?  
Қорқытып Жазира хан жүрек шайған.  
Уағдасынан патшанын тайғаны сол,  
Аты озған қызды алсын деп хабар жайған.

Дотан бала патшаға кісі салды,  
Қара көкті ерттетіп мініп алды,  
Аты озғаны хан қызын алмақ болса,  
Шығар деп бәйгі атынды айғай салды.

Бұл сөзді хан есітті хабар барып,  
Ат жиды хан еліне хабар салып,  
Екі қонып үшінші күн қайтыңыз деп,  
Айдады үш жүз тұлпар жиып алып.

Тартады үшінші күн аттын басын,  
Сөзіме тындаған жан таңырқасын.  
Ер Дотан Қара көкке өзі мінді,  
Көрінді үш жүз аттан күші басым,

Ат қайтты Сарыжазықтан шұбатылып,  
Тұяқтан шыққан шаңы тура атылып,  
Сан қолдан жеке дара озып келді,  
Дотанның Қара көгі ширатылып,

Аруағы ер Дотанның асады енді  
Қамшыны Қара көкке басады енді.  
Сан қолдан жалғыз келген көк тұлпарды,  
Көргенсін Шынтемір хан сасады енді.

Көк тұлпар үш жүз аттан, жеке келді,  
Дотан да осы сәтті күтіп еді,  
Құдайға шүкір қылды Дотан бала  
Тандантып ханы түгіл бүкіл елді.

Қара көк үш жүз аттан жеке келіп,  
Отырды жолаушылар көңілі тынып.  
Аты озып ер Дотанның алды бәйгі,  
Аты қалып хан отыр сағы сынып.

Тағы да ханға Дотан кісі салды,  
Жіберді тау көтерген батыр шалды.  
Уағдасымен тез енді қызын берсін,  
Бермейтін Күнікейді несі қалды?!

— Уағдасын хан енді,  
Қайта-қайта бұзбасын.  
Азғырылып әр кімге,  
Жел сөздерге қызбасын.  
Берсін қызын тез енді,  
Уағда қылған сөзімен  
Бекер қанғыл қозбасын.

Хан айтты: бір бәйгі бар, бәйгі күрес.

Бір бәйгі бар, бәйгі күрес,  
Орынсыз, бекер сіздер қылма егес,  
Бәйгі тігіп бір палуан тұрғызалық,  
Ерлерге асығыстық мақұл емес,

Саған бермей қызымды не қыламын,  
Қыз бермеске ел жиып той қыламын,  
Хан тойы деп айтады мұның өзін,  
Қылалық көп тамаша енді, жаным.

Көперсіз көп тамаша ел таңғалар,  
Тамашаға келіп тұр көп адамдар.  
Палуан күрес басталық бәйгі тігіп,  
Жарыссын онан кейін кіл жаяулар.

Күрессін екі жақтан палуандар,  
Көрсетсін өнерлерін алуандар.

Көрелік палуандардын тамашасын,  
Карасын тамашаға жиылғандар.

Ер Дотан мақұл дейді хан сөзіне,  
Не десен де көнемін хан өзіне.  
Уағданды қайта-қайта бұза беріп,  
Күйе жағып жүрмесін хан жүзіне.

Хан шығарды палуанын батыр Барак,  
Жиылған күллі шаһар тұрды қарап.  
Шығыпты Таусал ақтаушы енді бұған,  
Келеді күреспекке қылып талап.

Күресті екі күндей, екі палуан,  
Көрсетті өнерлерін алуан-алуан.  
Тілеуі ер Дотанның дұрыс болып,  
Тау балуан Баракты алып ұрған.

Қылады жаяу жарыс мұнан кейін,  
Жеңілсен не боларсын үшке, дейін,  
Бір кемпірді шығарды Шынтемірхан,  
Азырақ жаяулардан сөз сөйлейін.

Шығарды Желаяқты батыр Дотан,  
Медет тілеп тұрады бір құдайдан.  
Екі етектегі беліне түріп алып,  
Екеуі үш күншілік жерге барған,

Екеуі үш күншілік жерге барды,  
Отырып бір арада демін алды,  
— Ай, шешеке, мен қатты шөлдедім деп,  
Желаяқ қу кемпірге тілек салды.

— Шөлдесен, міне, сусын ай, қарағым,  
Даярлап қолына алды ол арағын.  
Жаяуға жеңіл болар бұл, «сусын» деп,  
Жан қалтадан шығарды шынаяғын.

Қулығы қу кемпірдің асады енді,  
Арақ ішіп Желаяқ сасады енді.  
Желаяқ мас болып бір қалған жерде  
Қу кемпір елге қарап қашады енді.

Бір күн, бір түн жөнелді кемпір қашып,  
Желаяқты қалыпты қара басып  
Желаяқ бір күннен соң есін жиып.  
Қарады төңірекке көзін ашып.

Қараса қу кемпір жоқ кетіп қалған,  
Күн көтеріліп сәскеге жетіп қалған.  
Екі етегін беліне түріп алып,  
Артынан, я алла, деп бұ да салған.

Екі етегін түріп ап жүріп кетті,  
Жүрген ізін кемпірдің көріп кетті,  
Бір күн, бір түн алдына бұрын кеткен  
Кемпірді дәл бесінде қуып жетті.

Бір уыс топырақты қолына алды,  
Қасына қу кемпірдің жақын барды.  
— Жеттің бе, шырағым, деп жалт қараса,  
Көзіне топырақты құя салды.

Кемпір қалды көзіне топырақ кіріп,  
Желаяқ кетіп қалды зыр жүгіріп  
Желаяқ тап сол күні күн батбастан  
Отырды демін алып елге келіп.

Сонда хан мұны көріп қайғыланды,  
Үшке шейін қалған сон назаланды,  
Таң атып ертең сәске болғанында,  
Тырбандап сорлы кемпір зорға келді.

Хан тағы жарлық қылды жұртын жиып,  
Екі жұрт бір қыз үшін жанын қиып.